

**АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН**

7-БЕТ | ҰЛЫ ЖЕҢІСКЕ – 80 ЖЫЛ



**ҚАЛАМГЕР ӘРІ ҚАЙРАТКЕР**

8-БЕТ | РУХАНИЯТ



**БОЗОҚҚА ТҮНГІ САЯХАТ**

12-БЕТ | МӘДЕНИЕТ

ОЙМАҚТАЙ ОЙ

*Ата-ана қадірін білмеген – халық қадірін біле алмас. Халық қадірін білмеген – ата-ана қадірін біле алмас.*

**Ғабиден МҰСТАФИН**

№56 (4800)
Бейсенбі
15 мамыр
2025 жыл

ASTANA AQSHAMY

РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ҚОҒАМДЫҚ-САЯСИ ГАЗЕТ

1990 ЖЫЛҒЫ 13 ҚАЗАННАН БАСТАП ШЫҒАДЫ

Елорда шежіресі 35 жыл

Сұлтан СЕЙІТ



5

# ОТБАСЫ – ОТАН ТІРЕГІ

Бүгін әлем жұртшылығы Халықаралық отбасы күнін атап өтеді. Біріккен Ұлттар Ұйымының бастамасымен бекітілген мереке отбасы құндылығын құрметтеуге үндейді. Өйткені әрбір адамның бойындағы асыл қасиеттері – Отанға деген ыстық сезімі, туған-туысқандары мен қоршаған ортаға деген сүйіспеншілігі отбасында қалыптасады.



Ұлттық статистика бюросы 2025 жылдың бірінші тоқсанындағы жалақы туралы мәлім етті.

Статистикалық мәліметтерге сәйкес, қаңтар, ақпан және наурыз айларында орташа жалақы мөлшері (еңбекақы сериясының орталық деңгейі) 300307 теңгені құрады.

«Ағымдағы жылдың бірінші тоқсанында, кәсіпкерлік қызметпен айналысатын шағын кәсіпкерлік субъектілерін есепке алмағанда, орташа атаулы жалақы 423133 теңгені құрады. 2024 жылдың сәйкес тоқсанымен салыстырғанда өсім 10,7 пайызды құрады» делінген Ұлттық статистика басқармасының хабарламасында.



2025 жылы Құрбан айттың бірінші күні 6 маусымға келіп тұр. Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі дін өкілдерінің ұсынысы негізінде бұл күнді демалыс етіп бекітті.

Демалыс күндерінің кестесі белгіленген жұмыс кестесіне байланысты болады: бес күн жұмыс істейтіндер 6, 7 және 8 маусымда (жұма, сенбі және жексенбі) демалады, ал алты күн жұмыс істейтіндер 6 маусым (жұма) және 8 маусым (жексенбі) демалады. Ал 7 маусым (сенбі) жұмыс күні болып қалады.

**17-18 МАМЫР**

**АУЫЛ ШАРУАШЫЛЫҒЫ ЖӘРМЕҢКЕСІ**

10:00-ден 22:00-ге дейін Нұрғиса Тілендиев даңғылы, 12а мекенжайындағы «Koktal» сауда-ойын-сауық орталығында және күн сайын Бейбарыс Сұлтан көшесі, 23, сағат 9:00-ден 19:00-ге дейін жұмыс істейді.



Елордада Тәуелсіздік даңғылының бір бөлігі 6 күнге жабылады.

Астана қаласының Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту бөлімінен хабарлағандай, Тәуелсіздік даңғылы Қажымұқан көшесінен Күйші Дина көшесіне дейінгі учаскеде орташа жөндеу жұмысы басталады.

«Осыған байланысты үстіміздегі жылдың 15-20 мамыры аралығында аталған учаскеде қозғалыс жартылай жабылады. Бұл ретте көліктердің бір жағынан екі бағытта да қозғалысы кезең-кезеңімен ұйымдастырылады. Жүргізушілер мен жаяу жүргіншілерден өз бағытын алдын ала жоспарлауды және қозғалысты ұйымдастырудағы ықтимал өзгерістерді ескеруді сұраймыз. Қауіпсіздікті қамтамасыз ету және қолайсыздықты азайту үшін уақытша жол белгілері мен белгілер орнатылады» делінген хабарламада.





# ҚАУІПСІЗДІК КЕҢЕСІНІҢ ОТЫРЫСЫН ӨТКІЗДІ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Қазақстан Республикасы Қауіпсіздік Кеңесінің көлік-логистика саласын дамыту мәселелері жөніндегі отырысы өтті.

Көлік министрі Марат Қарабаевтың және бірқатар орталық мемлекеттік органдар басшыларының баяндамалары тыңдалды.

Мемлекет басшысы көлік саласындағы ахуалды сынға алды. Қордаланған проблемалар мен белгіленген межелердің орындалмауы жаңғырту жұмыстарын жүргізуге кедергі келтіріп отыр.

Президент шекарадан жүк өткізудің қиындығын, көптеген өткізу бекеттерінің жағдайы нашар екенін, сондай-ақ ірі инфрақұрылымдық-транзиттік жобалардың өз уақытынан кешігіп жатқанын айтты.

Қасым-Жомарт Тоқаев «Жасыл дәліз» жүйесін ұйымдастырып, еліміздің логистикалық әлеуетін оңтайлы пайдаланудың маңызына тоқталды. Оның айтуынша, жаһандық сын-қатерлер күшейген кезеңде Қазақстан өзінің бәсекелестік артықшылығын сақтап қана қоймай, оны нығайта түсуге тиіс.

Мемлекет басшысы жүк тасымалы көлемін арттыру үшін нарықты авиаотынмен жеткілікті деңгейде қамтамасыз ету қажет деп санайды.

Бұдан бөлек, мультипликативтік тиімділікті көтеру мақсатында еліміз арқылы өтетін жүк тасымалы көлемін ұлғайту, соның ішінде әлемдік жеткізу тізбегіне қосылу міндеті қойылды.

Жиын соңында Президент министр Марат Қарабаевқа жұмыс барысында жіберген кемшіліктері үшін сөгіс жариялады. Мемлекет басшысы көлік-логистика саласындағы проблемаларды шешуге қатысты нақты шаралар қабылдауды тапсырды.

# ЕГІС АЛҚАБЫНЫҢ КӨЛЕМІ ҰЛҒАЙДЫ

Үкімет отырысында Ауыл шаруашылығы министрі Айдарбек Сапаров көктемгі дала жұмыстарының барысы туралы баяндады. Ол облыс әкімдіктерінің деректеріне сәйкес, осы жылы жалпы егіс алқабы 23,7 млн гектарды құрайтынын, бұл өткен жылмен салыстырғанда 413 мың гектарға артық екенін атап өтті.

Мемлекет басшысының тапсырмасына сәйкес, ауыл шаруашылығы дақылдарын әртараптандыру бойынша жүйелі жұмыс жүргізілуде: нәтижесінде 2 жыл ішінде бидай алқабы 750 мың гектарға (оның ішінде биыл 187 мың гектарға) қысқарды. Ал мал азығы мен майлы дақылдар алқабы 3,3 млн гектарға жетеді, бұл ретте күнбағыс алқабы алғаш рет 1,4 млн гектарды құрағалы отыр. Дәнді және бұршақ дақылдарын 16,6 млн гектарға егу жоспарлануда.

«Мақта алаңы 135 мың гектар болмақ, оның ішінде дәстүрлі әдіспен өсірілетін алаң 21,4 мың гектарға қысқарып, 85 мың гектарды құрайды. Бұл ретте «Түркістан» әлеуметтік кәсіпкерлік корпорациясы мен қытайлық Синьцзян Лихуа компаниясының ортақ жобасы есебінен тамшылатып суарылатын мақта алаңы 50 мың гектарға ұлғаяды» деп толықтырды Айдарбек Сапаров.

Министрліктің мәліметіне сәйкес, бүгінгі таңда ылғал жабу жұмыстары толығымен аяқталды. Егу алдындағы топырақты өңдеу және көктемгі жер жырту жұмыстары аяқталуға жақын. Аталған жұмыс түрлерін сапалы және толыққанды жүргізу вегетациялық кезеңнің бастапқы кезеңдерінде климаттық факторлардың ықтимал теріс әсерін азайтуға мүмкіндік береді. Бүгінде республика бойынша жаздық дақылдарды жаппай егу басталып, егіс науқаны барлық өңірде жүріп жатыр. Барлығы 3,7 млн гектар егілді: дәнді дақылдар – 2 млн га; жемшөп дақылдары – 300 мың га; майлы дақылдар – 888 мың га; көкөніс-бақша дақылдары және картоп – 195 мың га. Мақта мен қант қызылшасын егу жұмыстары аяқталу сатысында (94,7% және 93,4%).

«Күздік дақылдарға келсек, 2025 жылға күздік дәнді дақылдар 405,7 мың га алаңға егілді. Олардың 74%-ы жақсы, ал 23%-ы қанағаттанарлық жағдайда. Сонымен қатар оңтүстік өңірлерде ерте пісетін көкөністерді жинау жұмыстары басталды. Атап айтқанда, Түркістан облысында 1,2 мың гектар алаңнан 38,3 мың тонна қырыққабат жиналды. Жалпы ағымдағы жылы 580 мың тоннаға жуық ерте пісетін көкөніс жинау жоспарлануда, бұл жаңа өнім жинауға дейінгі маусымаралық кезеңде ішкі нарықтың қажеттілігін толық қамтамасыз етуге мүмкіндік береді» деп атап өтті министр.

Айдарбек Сапаровтың айтуынша, көктемгі дала жұмыстарын (КДЖ) ерте қаржыландырудың арқасында шаруалар негізгі ресурстарды, яғни тұқым, тыңайтқыш, жанар-жағармай мен ауыл шаруашылығы техникасын қолайлы бағамен алып үлгерді. Бүгінде КДЖ қаржыландыруға 480,6 млрд теңге сомасына 7 мың өтінім түсіп, оның 385 млрд теңгесіне 6,1 мың шаруа қаржыландырылды.

«Ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілерді жеңілдікпен қаржыландыруға 8 әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорация қатысуда, оларға фермерлерді қаржыландыру үшін 131,1 млрд теңге бөлінді. Олардың ішінде Ақмола, Қостанай және СҚО жеңілдетілген қаражатты игеру бойынша жақсы көрсеткіш көрсетуде. Ал Жамбыл және Қарағанды облыстарының әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялары жеңілдетілген қаржыландыруға мүлдем қатысып жатқан жоқ. Бұл жерде әлеуметтік-кәсіпкерлік корпорациялар арқылы жергілікті жерлерде арзандатылған қаржыны игеру жұмыстары қарыз алушылардан көптеген құжат сұрату кесірінен шектеліп жатқанын атап өткім келеді. Бұл тізім 20 құжатқа, ал кейбір өңірде 30 құжатқа дейін жетеді. Тағы да облыс әкімдіктерінен осы мәселеге назар аударуды сұраймын» деп атап өтті министр.

Сондай-ақ ауыл шаруашылығы тауарын өндірушілердің жеңілдетілген несиеге қолжетімділігін қамтамасыз ету мақсатында қарыз сомасының 85% мөлшерінде кепілдік беру бағдарламасы жалғасуда. Қазіргі күні жалпы сомасы 135,2 млрд теңгеге 943 кепілдік берілді. Бұл ретте қарыздардың жалпы сомасы 159 млрд теңгені құрайды. Жылдық 5% сыйақы мөлшерлемесі бойынша 200 млрд теңге сомасына жеңілдетілген лизинг бағдарламасы отандық өндірістің 6 мыңға жуық ауыл шаруашылығы техникасын сатып алуға мүмкіндік береді. Бүгінде 120 млрд теңгеге 3,2 мың өтінім келіп түскен.

# ҰЛТТЫҚ ЖИНАЛЫСТЫҢ ТӨРАҒАСЫН ҚАБЫЛДАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Армения Парламенті Спикерінің сапары екіжақты ынтымақтастықты тереңдету тұрғысынан маңызға ие екенін айтты.

Президент өзара ықпалдастықты ілгерілетуге заң шығарушы органдар тарапынан жан-жақты қолдау көрсетілуі қажет деп санайды. Мемлекет басшысы Арменияны Қазақстанның Оңтүстік Кавказ аймағындағы сенімді серіктесі ретінде атады.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, бүгінде қазақ-армян қарым-қатынасы көптеген бағыт бойынша жоспарға сай дамып келеді. Бұған тұрақты саяси диалог, сауда-экономикалық және мәдени-гуманитарлық байланыстар ықпал етіп отыр.

Ален Симонян қонақжайлық танытқаны үшін Мемлекет басшысына және Қазақстан халқына шынайы ықыласын жеткізді. Ол екіжақты диалогтың басты тетіктерінің бірі ретінде парламентаралық ықпалдастықты нығайту мен сенімді саяси серіктестік орнатудың мәні зор екеніне тоқталды.

Сондай-ақ Ұлттық жиналыс төрағасы Армения Республикасының Қазақстанмен экономикалық байланыстарды жандандыруға мүдделі екенін атап өтті. Оның пікірінше, өзара сауда-саттық көлемін арттыруға ықпал ететін нақты шараларды қолға алу керек.

Армян тарапы орайлы сәтті пайдалана отырып, Қазақстанның Армения мен Әзербайжан арасында бейбітшілік орнатуға күш салғаны үшін алғыс айтты.



Қасым-Жомарт Тоқаев пен Ален Симонян екі елдің әл-ауқаты мен өрлеуі жолында қазақ-армян қарым-қатынасын жан-жақты нығайтуға бейіл екенін растады.

# ЕСЕБІН ТЫҢДАДЫ

Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың төрағалығымен Ақордада өткен кеңесте Ұлттық банктің 2024 жылы атқарған қызметі туралы есеп берілді.

Мемлекет басшысына макроэкономикалық ахуал, ақша-несие саясатының негізгі көрсеткіштері, қаржы жүйесінің жай-күйі, халықаралық резервтер, БЖЗҚ мен Ұлттық қор активтері туралы баяндалды. Жиын барысында Ұлттық қордың қызметіне қатысты өзекті мәселелер талқыланды. Сонымен қатар республикалық бюджеттің орындалуы, инфляцияны төмендету, ақша-несие саясаты, «Банктер және банк қызметі туралы» жаңа заң жобасы, экономиканың нақты секторын кредиттеу, сондай-ақ Ұлттық банктің алтын-валюта активтерінің жағдайы қарастырылды.

# БАҒАНЫ КӨТЕРГЕНДЕРГЕ АЙЫППҰЛ САЛЫНДЫ

Қазақстанда картоп бағасын негізсіз көтергендерге айыппұл салынды. Бұл туралы Сауда және интеграция министрлігінің Сауда комитеті ақпарат таратты.

Құзырлы ведомствоның мәліметінше, картопқа сауда үстемесін 15 пайыздан асырып жібергені үшін 505 әкімшілік іс қозғалды, оның 41-і бойынша жалпы сомасы 2,6 миллион теңгеден асатын айыппұл салынған. Қалған 464 жағдай бойынша ескерту берілген.



Жалпы алғанда, жыл басынан бері министрліктің аумақтық департаменттері әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарларына байланысты 1585 әкімшілік қаулы шығарған. Оның ішінде 396 жағдайда 24 миллион теңгеге жуық айыппұл салынып, 1189 ескерту жасалған.

Сауда үстемесін асыруды болдырмау мақсатында делдалдық схемаларды тергеу жөніндегі өңірлік комиссиялар 303 отырыс өткізген. Соның нәтижесінде өнімсіз делдалдардың қатысуымен 1164 жағдай анықталып, 1079 әкімшілік қаулы шыққан. 85 делдал тауар жеткізу тізбегінен шығарылды.

Министрлік әлеуметтік маңызы бар азық-түлік бағасын бақылау және заң бұзушылықтарға жол бермеу жұмыстарын жалғастыра беретінін хабарлады. Алайда бақылау күшейсе де, картоп бағасы қымбаттап жатыр. Қазір елордада үйдің жанындағы жеміс-жидек дүкендерінде оның бір келісі 411 теңгеден сатылуда.

№56 (4800) 15/05/2025 Бейсенбі

# ҚҰРЫЛЫС ҚАЛДЫҚТАРЫН ҚАЛАЙ БАСҚАРАМЫЗ?

Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабденнің төрағалығымен кезектен тыс сессия өтті. Қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов қатысқан жиында бірқатар маңызды мәселе қаралды.



Аманғали ҚАЛЖАНОВ

Елордада Сарайшық атты жаңа аудан құрылғаны белгілі. Осыған байланысты бас қала аудандарының шекараларын өзгерту және бекіту қажеттілігі туындады. Бұл мәселе бойынша қалалық Сәулет, қала құрылысы және жер қатынастары басқармасының басшысы Алтынбек Ахметов баяндама жасады. Ол аудандардың өзгертілген шекаралары туралы айта отырып, тиісті сызбамен таныстырды.

Қалалық Қоршаған ортаны қорғау және табиғатты пайдалану басқармасының басшысы Дәулет Досқұлов қалада құрылыс қалдықтарын басқару ережелері жайында баяндады. Оның айтуынша, рұқсат етілмеген орындардағы қоқыс үйінділерінің 95 пайызы құрылыс қалдықтары екен. Себебін түсіндірген баяндамашы құрылыс қалдықтарын басқарудың нақты нормативтік құжаттарының жоғын айта келе, бұл қалдықтарды бақылау мен есептеудің цифрлық тетіктердің болмауынан орын алып отырғанын жеткізді.

Осы орайда қалалық мәслихат депутаты Кендебай Адамбек құрылыс қалдықтарын басқаруда цифрландырудың маңызы туралы айтты. Жиында мәслихат депутаттары Бауыржан Смайылов, Владислав Сергеев, Талғат Ерғалиев аталмыш мәселе бойынша пікірлерімен бөлісті.

Астана қаласында тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының жекелеген санаттарына амбулаториялық емдеу кезінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемін, оның ішінде дәрілік заттарды, арнайы емдік өнімдерді, медициналық бұйымдарды қосымша тегін беру туралы қалалық Қоғамдық денсаулық сақтау басқармасының басшысы Әлия Рүстемова айтты. Оның айтуынша, қала тұрғындарының артуына байланысты белгілі санаттағы науқастарды дәрімен қамтуда қаржыландыруды да өсіру керек.

Мемлекет мұқтажы үшін жер телімін немесе өзге де жылжымайтын мүлікті иеліктен шығару шарттарының жобаларымен қалалық Тұрғын үй және тұрғын үй инспекциясы басқармасының басшысы Әнуар Саипов таныстырды. Соның ішінде «Керуен» сауда-ойын-сауық орталығы жанындағы жер телімі біраз талқылауға ұласты. Қала әкімінің бірінші орынбасары Нұрлан Нұркенов бұл мәселе бойынша жеке кездесуді ұсынды. Депутаттар осыған тоқтады.

# БАЛАЛАРДЫҢ ҚАУІПСІЗДІГІ ТАЛҚЫЛАНДЫ



Астана қаласы мәслихатының кезекті отырысында балалардың жол қауіпсіздігі мәселесі қаралды. Аталған бағытта нақты ұсыныстар мен шешімдер қабылдау үшін жауапты мемлекеттік органдар – Әкімшілік полиция басқармасы, Білім басқармасы, Көлік және жол-көлік инфрақұрылымын дамыту басқармасының өкілдері шақырылды.

Отырыста мектептер мен балабақшалар маңындағы жол қозғалысына қатысты жүйесіздікке ерекше назар аударылды. Қазір жаңа мектептер жол инфрақұрылымынсыз, жаяу жүргіншілер өткелдері мен қауіпсіздік аймақтарынсыз пайдалануға беріліп жатыр. Құрылыс компаниялары жобаларды полициямен келісіп алмай, балалардың қауіпсіз қозғалысына жағдай жасамай отыр. Бұл – өткен жылдардағы қайғылы оқиғалардан сабақ алмағанымыздың көрінісі.

«Мектептерге жақын маңда жүк көліктері жүйткіп жүреді. Бұл бағытта шұғыл шаралар қабылдау қажет. Қазіргі уақытта депутаттық корпус осы саладағы барлық жағдайды ескере отырып, Қазақстан Республикасының Құрылыс кодексіне өзгерістер енгізу жөнінде нақты ұсыныстарын Мәжіліске жолдайды. Енді уәкілетті органдардан өз ұсыныстарын күтеміз» деді Астана қаласы мәслихатының төрағасы Табиғат Зейнұлқабден.

# ФОРСАЙТ-СЕССИЯ

«Жұмысшы мамандықтары жылы» аясында педагогикалық мамандар даярлайтын елорданың техникалық және кәсіптік білім беру ұйымдарының педагогтары үшін «Жұмыс беруші серіктес ретінде: білім беру бағдарламаларын әзірлеу арқылы колледждермен өзара іс-қимылдың тиімді модельдері» форсайт-сессиясы өтті.

Астана қаласының Білім басқармасы мен М.Жұмабаев атындағы халықаралық жоғары колледжі ұйымдастырған іс-шараға қалалық Білім басқармасының өкілдері, Астана халықаралық университеті Педагогикалық колледжінің арнайы пәндер оқытушылары мен әлеуметтік серіктестері, Еуразия гуманитарлық институтының жоғары колледжінің мамандары қатысты. Форсайт-сессияның барысында жұмысшы мамандықтарды дамыту, колледждердің рөлі және еңбек нарығының талаптары контекстінде болашақ педагогтарды даярлаудың басымдықтары мен міндеттері талқыланды. Сондай-ақ білім мекемелері арасында ынтымақтастық туралы меморандумдарға қол қойылды.

# ӘСКЕРИ ЖИЫНҒА АТТАНДЫ

Астана қаласының Қорғаныс істері департаментінен шақырылған запастағы 100 офицер мен сержант 99255 әскери бөліміне әскери міндеттілердің кезекті жоспарлы оқу-жаттығу әскери жиындарына аттанды.

Оқу-жаттығу әскери жиыны «Қазақстан Республикасының қорғанысы және Қарулы күштері туралы» Қазақстан Республикасы заңының 9-бабына, «Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы» заңының 33-бабының 2-тармақшасына, сонымен бірге Астана қаласының аумақтық қорғанысын дайындау, әскери міндеттілердің білімі мен дағдысын игеру және жетілдіру мақсатында Астана қаласы әкімдігінің 2025 жылғы 29 сәуірдегі №514-1255 қаулысына сәйкес өтеді.

Оқу-жаттығу әскери жиыны аясында 14-23 мамыр аралығында запастағы офицерлер мен сержанттар үшін «Жұмылдыру және күзет ротасын жауынгерлік әзірліктің жоғары дәрежесіне шығару. Жауынгерлік үйлестіруді ұйымдастыру және жүргізу. Әскери және мемлекеттік маңызы бар объектілерді күзету және қорғауды ұйымдастыру» тақырыбында оқу-жаттығу сабақтары өтеді.

«Меншік нысанына қарамастан, Астана қаласы ұйымдарының, кәсіпорындарының, мекемелерінің басшылары жиынға шақырылған әскери міндеттілердің келуін қамтамасыз етті. Оқу-жаттығу әскери жиындарын өткізу кезінде шақырылған запастағы офицерлер үшін, қолданыстағы заңнамаға сәйкес, жұмыс орны мен орташа жалақысы сақталды. Әскери оқу-жаттығу жиындарының даярлық бағдарламасын үздік өткен әскери міндеттілерге кезекті әскери атақтары беріледі» деп атап өтті Астана қаласы Қорғаныс істері департаментінің бастығы полковник Фархат Құрманғажинов.



# МЕРЕКЕЛІК МЕЙІРІМ

Елордадағы Достық үйінде «Ана – гүл, ана – өмір шырағы» атты мерекелік іс-шарасын астаналық Қазақстан халқы ассамблеясы дәстүрлі түрде Аналар күніне орай өткізді. Оған қоғамдық бірлестіктердің өкілдері – Астана қаласы Қазақстан халқы ассамблеясы жанындағы аналар кеңесі мен әжелер кеңесі қатысты.

Жиында Астана қалалық Ішкі саясат басқармасы басшысының орынбасары Ләззат Құсайынова құттықтау сөз сөйлеп, ананың қоғамдағы рөліне тоқталды. Ол аналық мейірім мен тәрбиенің орны ерекше екенін айтып, әр ана өз бойындағы қабілетін ұмытпауы керектігін жеткізді.

«Аналар кеңесі көпбалалы және ерекше күтімді қажет ететін баласы бар аналарды біріктіреді. Биылғы іс-шараға түрлі ұлт өкілінен 20-дан астам бала қатысқан. Денсаулығы жақсы балалар мен мүмкіндігі шектеулі балалар өздерін тең сезінуі үшін біз инклюзивті орта қалыптастыруға тырысамыз. Мереке арт-терапия форматында өтті. Шеберлік сабақтарын Белсенді ұзақ өмір сүру орталығының әйелдері өткізіп, балаларға өмірлік белсенділік пен моториканы дамытуға арналған жаттығулар жасатты. Сонымен қатар аниматорлар мен театр әртістері балалардың мүмкіндігіне сай ойын-сауық бағдарламаларын ұйымдастырды» дейді Достық үйі халық шығармашылығы бөлімінің маманы Зәмзәгүл Сағиева.

Іс-шарада аналар кеңесі балаларға сыйлық дайындады. Балалар қолөнер бұйымдары мен қолөнершілердің кәдесыйын өздерімен бірге алып кетті. Аналар да сыйлықсыз қалған жоқ, балалар оларға арнайы фотосессия кезінде түсірілген портреттерін тарту етті. Ұйымдастырушылар алдағы уақытта да осындай іс-шараларды жалғастыра беретінін жеткізді.



# АЛАҢДАР АЖАРЛАНА ТҮСЕДІ

Елорданың алғашқы құрылған ауданының бірі – Алматыда 220 мыңға жуық халық өмір сүреді. Әрине, ондағы жұрттың айтар базынасы, тілер тілегі жоқ емес. Көпшіліктің мұндай көп қалауының арасында абаттандыру жұмысы да бар. Ал аудан әкімдігі болса «Біздің мақсатымыз – әр тұрғынға қолжетімді демалу, спортпен шұғылдану және серуендеу үшін жайлы және заманауи орта қалыптастыру» дейді.



Биыл аудандағы Қ.Мұңайтпасов көшесі, М.Жұмабаев даңғылы, Керегетас көшесі учаскесіндегі алаң, көпір асты кеңістігі (Триатлон паркі), Қ.Рысқұлбеков көшесі, әл-Фараби атындағы Оқушылар сарайының алдындағы алаң, Абылай хан даңғылындағы Күйшілер аллеясы, Келес көшесіндегі алаң аумағында ауқымды жұмыс жүрмек.

«Бұл аумақтарда балалар ойын алаңы және спорт алаңы, жаңадан жаяу жүргіншілер жолы мен автотұрақ алаңдары бар жол салынады. Тірек қабырғалары орнатылып, жаяу жүргіншілер жолы ауыстырылады. Көлеңкелі шатырлар, жарықтандыру бағаналары, орындықтар мен қоқыс жәшіктерін орнату және т. б. жұмыстар жүргізіледі. Екіншіден, әрбір жобада көгалдандыруға ерекше назар аударылмақ. Ауданымызды қала тұрғындары мен қонақтары үшін нағыз көгалды алқапқа айналдыру үшін ағаш отырғызу және қосымша жасыл аймақ құру мәселесін мұқият қарастырамыз. Сондай-ақ көгалдандыру орындарына жаңа тротуарлар жоспарланып отыр, бұл жұртшылықтың серуендеуіне үлкен мүмкіндік бермек» дейді Алматы ауданы әкімдігі абаттандыру бөлімінің басшысы Данияр Қожахметов.

Сонымен қатар осы жобалар ішінде жаяу жүргіншілер жолының барлық учаскеде қозғалуына ыңғайлы болу үшін ерекше қажеттілігі бар жандарға арналған пандустар салынбақ.

«Қазір бізде қосымша бірқатар абаттандыру учаскесі жобаланып отыр. Жалпы айтылған өзгерістер тұрғындардың Алматы ауданында жайлы өмір сүруін қамтиды» дейді Д.Қожахметов.

Бас шаһардың ғажап ғимараттары ең көп орналасқаны Есіл ауданы екені белгілі. Өзге аудан тұрғындары мен туристер көп аялдайтын аудан ішінде жеңіл көліктің де қарасы қалың. Сондықтан әр көше мен жаяу жүргіншілер жолы, сондай-ақ саябақтар мен өзге де ашық аспан астындағы демалыс орындарының күтімі басты назарда болары анық. Аталған аудан бойынша биылғы абаттандыру бағдарламасы аясында жүргізіліп жатқан жұмыстарға қысқаша шолу жасап көрдік.

# КӨГАЛДАНДЫРУ – ЕРЕКШЕ НАЗАРДА

Есіл ауданында қалалық ортаны жаңарту және қалпына келтіру жұмысы басталғалы көп болған. 18 наурыздан бастап елорданың негізгі қоғамдық кеңістіктерін қамтитын Мәдениет және демалыс саябағы, Нұржол бульвары, әл-Фараби мешіті жанындағы алаң, Есіл өзенінің жағалауы, Д.Қонаев көшесіндегі дипломатия қалашығындағы алаң, ЭКСПО алаңы, Есіл өзені бойындағы саябақ, «Астана Балет» театры алдындағы алаң, сондай-ақ Ақмешіт, Сарайшық, Ұлы дала, Гейдар Әлиев, Орынбор, Түркістан және Мәңгілік ел көше, даңғылдарын көркейту жұмысы қарқынды жүруде. Бұдан бөлек, Достық көшесі жиегіне (Мәңгілік ел даңғылынан Қабанбай батыр даңғылына дейін), Қазақ радиосы көшесі, Сауран көшесі (Достық көшесінен Алматы көшесіне дейін) брусчатка және жиектастар төсеу жұмысы да осы сапта.

«Ауданда көгалдандыруға ерекше назар аударылуда. Хусейн Бен Талал, Ә.Кекілбаев, Жошы хан көшелері бойында, Ботаникалық бақ, Мәдениет және демалыс саябағы, Г.Әлиев көшесі, «Астана Балет» театры жанына және ЭКСПО аумағына 7 мыңнан астам түрлі ағаш отырғызылды. Егілген тал-көшеттің көбі қайың, қарағаш, қарағай, шырша, алма ағашынан тұрады. Әсіресе Керей-Жәнібек хандар көшесінің бойындағы бөлікті ерекше атап өткен жөн. Бұл жерде 800-ден астам қарағаш, 450-ден астам қарағай, ашық тамырлы шамамен 18 мың қарағаш отырғызылды. Бұл аумақта көшет отырғызу жұмысы көше салынған кезден бері алғаш рет жүргізілуде» дейді Есіл ауданы әкімінің кеңесшісі Құралай Слямбекова.

Оның айтуынша, жалпы биыл Есіл ауданында көгалдандыру бағдарламасы аясында 16 мыңнан астам ағаш және 68 мыңнан астам бұта мен көпжылдық өсімдіктер отырғызу жоспарлануда.



Бетті дайындаған **Ержан ҚОЖАС**

# САЯБАҚТАР КӨРКЕЙІП КЕЛЕДІ

iKomek жүйесі құрылғалы бері көп тұрғынға тиімді болғандай. Әсіресе өз ауданындағы өткір мәселелерді көзі шалғандар бірден осы жаққа өтініш тастап, дерек-дәйек ретінде суретін қоса жүктейді. Мысалы, Астанадағы Нұра ауданындағы Орталық саябақтың жағдайына байланысты 1149 өтініш келіп түскен. Тұрғындарды алаңдататыны – уақыт өткен сайын өздері жиі шоғырланатын саябақ күйінің сын көтермеуі.



Сонымен қатар жүгіру жолақтарының, балалар алаңдарының ескіруі, тіпті ашық жатқан электр желілерін де атап көрсеткен. Жергілікті билік те шалт қимылдап, барлық өтінішті саралап, ескерусіз қалдырмаған.

«Саябақтағы аллея соңғы рет 2015 жылы күрделі жөндеуден өткен. Содан бері тек жартылай жөндеу жұмысы жасалып келді. Енді бұл аумақты толық жаңартатын уақыт келді. Биыл саябақта кешенді абаттандыру жұмысы басталды. Жаяу жүргінші аймағы жөнделіп, шаңғы-роллер жолы қалпына келтіріледі, жарықтандыру желілері мен сәндік шамдар ауыстырылады. Субұрқақ және жауын қабылдау жүйелері жаңартылады. Сондай-ақ жасыл желек жетіспейтін орындар қайта көгалдандырылады» дейді Нұра ауданының әкімі Ришат Тұрдыбеков.





Әкімнің сөзінше, саябақтағы қауіпсіздік мәселесі – басты назарда. Кәсіпқой спортшылар мұндағы трассада болған зақым жайлы бірнеше рет айтып, шағымданған. Енді бұл мәселе де түбегейлі шешіледі.

«Ұзақ уақыттан бері жаңартуды қажет етіп келген инклюзивті балалар алаңы да қайта жабдықталады. Жаңа, қауіпсіз әрі заманауи ойын құрылғылары орнатылып, жабындысы ауыстырылады. Жөндеу жұмысы кезең-кезеңімен жүргізіледі, сондықтан саябақ толық жабылмайды, яғни аумақтың бір бөлігі ашық болады. Екіншіден, барлық құрылыс материалдарын сапалы әрі кепілдігі бар өнімдерден аламыз, ал жұмыс барысын мамандар мұқият бақылауда ұстайды» деді тағы бір сөзінде әкім.

Жоспар бойынша абаттандыру жұмысы шілде айында аяқталмақ. Мұнда Орталық саябақты қайтадан барлық отбасы мүшелері үшін жайлы, қауіпсіз және жасыл демалыс орнына айналдыру басты мақсат болып отырғаны анық.

# АСПАНҒА ҚҰШТАР ӘУЛЕТ

Гүлмира АЙМАҒАНБЕТ

Серікбаевтар әулетінің азаматтық авиациядағы ғұмырнамасы – көк аспанмен тағдырын байланыстырған тұтас династия шежіресі. Бұл – зеңгір көкте еркін қалықтаған қыран құстай биіктік пен кеңістікке құштар текті әулеттің тарихы. Тәуелсіз Қазақстан тарихында бұған дейін бір әулеттен 28 авиация маманы шыққан емес. Міне, сол үшін де бұл шаңырақты ұшқыштардың ұстаханасындай болған ұлағатты ұя деуге толық негіз бар.

Бұл әулеттің темірқазық өзегі төрт бауыр – Марат, Дүйсенғали, Дәулетбай және Болат Серікбаевтар, сондай-ақ, әпкесі Марал Хамзинадан бастау алады. Олардың өнегелі өмір жолы – өз кәсібіне деген адалдық пен сүйіспеншіліктің жарқын үлгісі.

Әулеттің тұңғышы Марат Мұсаұлы Серікбаевтың авиациядағы сапары азаматтық әуе саласының енді ғана қанаты қатая бастаған шақта басталды. Көшбасшылық қасиеті, кәсіби шеберлігі және қайтпас қайсар мінезінің арқасында ол І дәрежелі ұшқыш атанып, азаматтық әуе эскадрильясын тізгіндеді. Кеңес Одағы мен Қазақстанда ұшқан барлық үлгідегі әуе кемелерінің, халықаралық ұшқыштар отрядының командирі болған ол отандық авиация заңнамасын қалыптастыруға үлкен үлес қосты. Ауған соғысына қатысып, «Құрметті авиатор» атағымен және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталды. Әкенің қанымен, ананың сүтімен келген тектілік арқылы 46 жыл жемісті еңбек етіп, сол телегей теңіз тәжірибесін ізін басқан шәкірттермен бөлісіп, тәлімгер атануы да тегін емес.

Династия тағдырында Марал Мұсақызы Хамзинаның да өрнекті ізі, айшықты қолтаңбасы бар. Марал Хамзина – Целиноград бірлескен авиаотрядының қазақ қыздары арасынан шыққан тұңғыш бортсерігі. 1972 жылы Целиноград-Свердловск рейсін орындау кезінде Марал ұшақ салонының есігі ашылып кеткенін байқап қалады. Дереу ашық есікке қарай батыл ұмтылып, жолаушылар өміріне қауіп төндірген апаттың алдын алады. Осы ерлігі үшін және авиациядағы көп жылғы еңбегі ескеріліп, 2007 жылы Марал Хамзина «Әлия Молдағұлова» атындағы алтын медальмен марапатталды. Ол 1989 жылдан бастап Ту-134, Ту-154, Ил-86 алып ұшақтарымен алыс шетелдерге сапарлап, төрткүл дүниені шарлады. 1993 жылдан бергі Азаматтық әуе басқармасында нұсқаушы, Астана қаласындағы «Эйр Қазақстан» ұлттық авиакомпаниясының аймақтық өкілі, бортсеріктер қызметінің инспекторы, 2000 жылдан «Целина» авиакомпаниясының сервистік тобына қызмет көрсету бөлімінің басшысы қызметтерін атқарды. Сол еселі еңбегінің өтеуіндей «Қазақстанның еңбек сіңірген авиация қызметкері», «Құрметті авиатор» атақтарына ие болды.



Ағайынды Серікбаевтардың әкеден өрбіген одан кейінгі үш бауыр да ағасы Марат Мұсаұлы Серікбаевтың жолын жалғап, азаматтық авиацияның ұшқыштары атанды. Олар курсанттан әуе кемесінің командиріне дейінгі қиын жолдан өтті. Жылдар бойы жинаған мыңдаған сағаттық ұшу тәжірибесімен жолаушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз етті.

Ал 40 жылдық тәжірибесі бар Дәулетбай Мұсаұлы Серікбаев – Ақтөбе жоғары азаматтық авиация училищесінің түлегі, І санатты ұшқыш. «Trans Asia Airlines» әуекомпаниясының ұшу қызметі бойынша вице-президенті, «Эйрбас-310» әуекемесінің командирі, Азаматтық авиация комитеті ұшу қауіпсіздігі басқармасының басшысы, ҚР Азаматтық авиация комитетінің мемлекеттік инспекторы қызметтерін абыроймен атқарған. Як-40, Ту-154, А-310 әуе кемелерін басқарған кезінде білігімен көзге түсіп, Президенттік экипаждың құрамында болды, «Құрметті авиатор» және басқа да мемлекеттік наградалармен марапатталған.

Көп жыл бойы түрлі әуе кемесін басқарған І санатты ұшқыш Дүйсенғали Мұсаұлы Серікбаев азаматтық авиация саласында табаны күректей 34 жыл қызмет етті. Жалпы ұшу сағаты 14 мыңнан асатын кәсіби маманның отандық әуе қызметінде әулеттің атына кір келтірген кезі болған емес.



Үйдің кенжесі Болат Мұсаұлы Серікбаев та алдыңғы толқын ағалары салып кеткен сара жолды жалғап, жоғары санатты ұшқыш атанды. Як-40, Ту-154, Ил-86, А320, Boeing 737 әуе кемелерін басқарған тәжірибелі маман күллі әлемді шарпыған COVID-19 пандемиясы кезінде Уханьнан қазақстандықтарды эвакуациялап, ел сенім білдірген аз ғана ұшқыштардың қатарында болды. Фәни дүниемен қош айтысқан соң Болат Мұсаұлына «Құрметті авиатор» атағы берілді.

Әрине, мұндай азаматтық болмыс-бітім ата-ананың тәлімді тәрбиесімен қалыптасатыны анық. Әкесі Иман-Мұса Серікбаев – Ұлы Отан соғысының ардагері, заңгер, прокурор болып қызмет еткен. Соғыстан кейінгі жылдары ел басқарған Жұмабек Тәшеневтің серіктерімен елдің еңсесін тіктеуге, аяғынан тұруына зор еңбек сіңірді. Анасы Нәпия Сүлейменқызы Темірболатова – бидің ұрпағы, балаларына патриотизм, адалдық, ерлік пен ізгілік қасиеттерін сіңірді.

Серікбаевтар әулетінің тәрбиесі кейінгі ұрпаққа да оң әсерін тигізді. Жас ұрпақ династиясының бірнеше өкілі ел дамуына өз таңбасын қалдырып үлгерді. Соның ішінде Марал Мұсақызы Хамзинаның үлкен ұлы Дәулет Ғазизұлы Хамзин – Азаматтық авиацияның дамуына үлес қосқан халықаралық сарапшы. Авиация саласында 1994 жылдан бастап қызмет атқарған ол әр кездері SCAT әуекомпаниясының вице-президенті, Қарағанды, Тараз, Астана әуежайларының басқарма төрағасы қызметтерін абыроймен атқарды.

Биыл «Ұрпақтар сабақтастығы» жобасы аясында өткен отбасылар байқауында Есіл ауданының намысын қорғаған Хамзиндер отбасы жүлдегерлер қатарынан көрінді. Ұшқыштар әулеті өз араларынан әлі де талай азаматтық әуе саласының тарландары шығатынына сенеді. Олардан қалған рухани мұра елінің ержүрек мақтаныштары, жаңа ұшқыштарды адалдық пен шеберлік жолына жетелей берері сөзсіз.

# ТЕМІРЖОЛМЕН ТАҒДЫРЛАРЫ ТОҒЫСҚАН

Райхан РАХМЕТОВА

Астаналық теміржолшы-ардагер Кендай Ахметов ақсақалдың отбасы – елордадағы үлгілі еңбек әулетінің бірі. Олардың болат жолдағы еңбек тарихы сонау 1949 жылдан, яғни Кендай қарияның атасы Ахмет теміржолда жұмыс істеуге кірісken кезінен бастау алады. Содан бүгінге дейін оның атасынан тараған 48 адам теміржолда қызмет істеді.



Солардың ішінде бүгінде бәріне абыз ақсақалы болып отырған «ҚР құрметті қайраткері», «ҚР құрметті азаматы», «Құрметті теміржолшы», «Құрметті энергетик», «Еңбек ардагері», 2014 жылғы «Мерейлі отбасы» байқауының жеңімпазы Кендай Төлеутайұлы және оның жанжарымен 15 мамыр – Халықаралық отбасы күні қарсаңында бір ауыз тілдесуді жөн көрдік.

Соғыстан кейінгі жылдары жұмысқа кіріп, теміржолшылар әулетінің негізін қалаған Ахметтен тараған 4 бала екінші буын теміржолшылар болса, олардан өрбіген барлық немерелері де үшінші буын ретінде ата жолын қуды. Ахметұлы Төлеутайдан туған 11 баланың бәрі, соның ішінде Кендай да шойын жолда еңбек етті. Әулеттен 3 бірдей «Құрметті теміржолшы» шықты. Оның бірі – Кендай Ахметов. Бүгінде төртінші буын ұрпақтар, солардың қатарында басты кейіпкеріміздің қызы Гүлнәр да ата кәсібіне адалдық танытып, «ҚТЖ»-да еңбек етіп жүр. 72 жыл ғұмырының 48 жылдай уақытын Сарышаған және Астана станцияларындағы ШЧ және ЭЧ мекемелерінде еңбек етуге арнаған Кендай ақсақал өмірде мамандық пен жар таңдауда шатаспағанына мың да бір шүкір етеді. Жұбайы Күлән Ахметованы осы салада жұмыс істеп жүріп кездестіріп, 1975 жылы екі әріптес Сарышағанда бас құрап, төрт баланы дүниеге әкелді. Балаларын еңбекке баули және өздерінің адамгершілік қасиеттерін көрсете отырып тәрбиелеп, елге абыройлы, көпке құрметті, ағайынға сыйлы, қоғамда да танымал отбасына айналды.

1953 жылы Балқаш қаласында теміржолшылар әулетінде дүниеге келген Кендай Ахметов Сарышаған станциясындағы белгі беру және байланыс дистанциясында механик болып еңбек жолын бастаған. Содан орта арнаулы және жоғары білімді сырттай оқи жүріп, әрі Отан алдындағы борышын өтеп, қызметін жалғастыра берген. Механиктен телім бастығы, 2000 жылы Астанаға ауысқан соң, 2016 жылы зейнетке шыққанға дейін зертхана бастығы, бас инженер, ЭЧ-8 мекемесінің директорына дейін жетіп, басшылық лауазымда да қызмет атқарды.

– Отбасы – шағын мемлекет. Оның өз заңдылықтары, қағидалары болады. Елінің қамын жейтін де, малын жейтін де ұрпақ сол шағын мемлекетте алған тәлім-тәрбиесіне қарай ер жетеді. Ең басында қосылғанда №4 бекет деген жерде 4 жылдай тұрдық. Сонда нанды да пойызбен әкеп тұрады. Суды да тасып әкеледі. Қиын кездер бастан өтті, екеуден-екеу 4 жылдай сол жерде өмір сүрдік. Бірақ ешқашан ешкімге шағым айтып көрмеппіз. Теміржол деген біздің отбасымызға бір нәсіп, бағымыз болды, басқа салада мүлдем қызмет еткен жоқпын, – дейді өзі.

9 немере-жиендерінің қызығын көріп отырған ата мен әже «бақыттың кілті – еңбек пен сыйластықта» дейді. Өнегелі әулеттің үйінен қонақ үзілмейді. 2014 жылы «Мерейлі отбасы» байқауына қатысуға елорда әкімдігі тарапынан ұсыныс берілгенде туған-туыс, көрші-қолаңнан Ахметовтер туралы сұрастырылып, сырттай мінездеме жиналған. Сонда олар туралы бірде-бір теріс пікірдің болмауы мәлімет жинаушыларды да таңғалдырыпты.

– Қазақта «иық бар, сол иық қисайса, тірелетін иық бар ма?» деп айтады. Жұбайым менің иығым сияқты, әрқашан қиыншылық болса, маған тіреу, ақылшым, кейде көмекшім болады. Күлэнмен отасқаныма 40 жылдан асты. Үйде де, жұмыста да бір болғаныма өкінген кездерім болған жоқ. Менің күнделікті өмірімнің 60 пайызы жұмыста өтті, сондықтан көбіне бала тәрбиесіне жұбайым жауапты болды, дегенмен балаларыма қашанда уақыт бөлуге тырыстым. Әсіресе ұлымды 4 жасынан бастап жұмысқа бірге алып кетіп жүретінмін. Оған жұмыстың да, өмірдің де қыр-сырын үйреттім. Қазір балам мен келінім бізді бағып, құрметтеп, қыдыртып, жағдайымызды жасап отыр. Міне, нағыз қазақы тәрбие деген сол, – дейді ақсақал.

Астанаға осыдан 25 жыл бұрын көшіп келген Ахметовтер әуелгі жұмысты үй салып, ағаш отырғызудан бастаған. Сенбі-жексенбі демалыс екен деп ешкім түске дейін ұйықтамайды. Үйде темірдей тәртіп сақталады. Қыздар әжесіне көмектесіп, шағын бау-бақшаны баптайды. Оларды еңбекке баулу үшін жерден қалай өнім алуға болатынын, қалай суарып, түптеу керегін көрсетіп отырады.

– Еңбекке баулудың, дұрыс өмір сүрудің ең әдемі үлгісі осы болар. Өзің диванда күні бойы теледидар қарап жатып, балаға еңбек туралы айту қисынсыз. Балаларды «еңбекқор бол, елді алдама» деп кішкентай кезінен тәрбиелейміз. Бақыттың кілті байлық пен мансапта емес, адал еңбек, асыл жар, ақылды балада, – дейді кейіпкеріміз.

Кендай мен Күлән теміржолшы-ардагердің және қызы Гүлнәрдің еңбек өтілін қосқанда, бір әулеттің өзінің теміржолдағы еңбек өтілі 120 жылдай болып қалды. Ұлы Серік те 10 жылдай теміржолда еңбек етіп, қазір жеке кәсіппен айналысуда. Үйде де, түзде де бірге болып, қол ұстасып, бір жастықта қартайып келе жатқан үлгілі отбасының отағасы мен отанасы осындай өнегелі әулет болудың басты құпиясы өзара түсінісу, сыйласу және кешірімді болуда дейді.

– Отбасында қашанда әйел өзін ерінен бір саты төмен ұстауы керек. Әйел – ана, ана болған соң балаларыңның еркелігін көтересің ғой, сол сияқты ер-азаматтың да кейбір мінезіне көз жұма қарау қажет. Ер адам ашуланса, әйел үндемей қоя салғаны жөн, кейін ашуы басылғанда айтуға болады. Жұмыстан келгенде қас-қабағына қарап, киімі мен тамағына дұрыс мән беру керек. Қазір көп отбасында баспананың жоғы, қаржы тапшылығы мәселесі бар, соған шыдамайды. Ол қиындықты да бірге жеңеміз деп ұмтылса ғана отбасын сақтай алады. Өмірде ештеңе оңайлықпен келмейді, ауызбіршілік болса, бір-бірін сыйлап, бірге әрекет етсе, түбі бәрі реттеледі, – дейді Күлән Ахметова.

Осындай өнегелі жолымен үлгілі отбасы мәртебесін сақтап келе жатқан Ахметовтер әулеті жақында Астанада аудандар арасында өткен «Ұрпақтар сабақтастығы» байқауында тағы да бірінші орын алды.

№56 (4800) 15/05/2025 Бейсенбі

# БАЛАЛАРҒА – ҚАТЕСІЗ БОЛАШАҚ



Астанадағы мектептер арасында ұйымдастырылған «Заң және бала: қатесіз болашақ» қалалық театрландырылған қойылымдар байқауының финалдық кезеңі өтті. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында Астана қаласының прокуратурасы мен елорда әкімдігі бірлесіп өткізген ақтық байқауға аудандық кезеңдердің жеңімпаздары, яғни 6 ауданнан бұған дейін іріктеліп шыққан 6 мектептің үздік театр топтары қатысып, олар құқықтық саладағы өзекті тақырыптарды көтерген қойылымдарын көрермен назарына ұсынды.

Ә.Мәмбетов атындағы Мемлекеттік драма және комедия театрында өткен байқау оқушылар арасында құқықтық мәдениетті қалыптастыруға, адами құндылықтарды дәріптеуге, құқықтық сананы дамытуға, сондай-ақ өмірде кездесетін түрлі жағдайды шығармашылық тұрғыдан түсіну арқылы жасөспірімдер ортасында құқық бұзушылықтардың алдын алуға бағытталған. Байқаудың ерекшелігі – жас ұрпақтың заң, әділдік және азаматтық жауапкершілік туралы көзқарасын өнер арқылы көрсетуіне мүмкіндік беруінде. Балалардың өнер байқауын тамашалауға әрі баға беруге қала әкімінің орынбасары Есет Байкен, ҚР Бала құқықтары жөніндегі уәкіл Динара Закиева, Астана қалалық әйелдер істері және отбасы-демография саясаты жөніндегі комиссия төрағасының орынбасары Назгүл Мақжан, Астана қаласы прокурорының орынбасары Болат Мизанбаев, Астана қалалық Білім басқармасының басшысы Қасымхан Сеңгазыев, тележүргізуші Айгүл Мүкей, Бас прокуратураның, Білім министрлігінің өкілдері, аудандық прокурорлар және Астана аудандарының әкімдері де келді.

– Қоғамда әр баланың құқығы қорғалып, қауіпсіздігі қамтамасыз етілуі керек. Олар өз құқығымен қатар заң бұзғандағы жауапкершіліктің қандай болатынын да біліп өсуі тиіс. Сондықтан өнер арқылы осындай ауқымды профилактикалық іс-шара өтіп отыр. Барша қатысушыларға сәттілік! – деді Білім басқармасының басшысы.

Құқықтық тәртіп тақырыбын театр тілімен жеткізуге тырысқан 6 мектептің талантты оқушылары қазіргі қоғамдағы ең өзекті деген, яғни сыбайлас жемқорлық, кибербуллинг, есірткі саудасы, ұрлық, жалған ақпарат тарату сияқты құқық бұзушылықтарды қойылымдарына арқау етті. Алғаш болып сахна төріне шыққан Есіл ауданының №108 мектебі «Менің атым Қожа» фильмінің желісінде тәртібінің нашарлығымен көзге түскен баланың өмірін көрсеткен қойылымды ұсынды. Ата-анасы шетел асып, жұмыс іздеп кеткен заманауи Қожаның өмірін сипаттау арқылы оқушылар қазіргі заманда қараусыз қалып, тәрбиесіне мән берілмей, содан тәртібі нашарлап, сабағы жайына қалатын балалардың мәселесін көтеруге тырысты. Екінші өнер көрсеткен Нұра ауданының №17 мектеп-гимназиясы жасөспірімдер арасындағы есірткі саудасы мәселесін көтеріп, сахналық қойылымды шебер ойынымен алып шықты. Ал Байқоңыр ауданының №87 мектеп-гимназиясы сыбайлас жемқорлық мәселесінің отбасындағы тәрбиеден бастау алатынын жақсы көрсетіп берді. Одан әрі Алматы ауданының №28 мектеп-лицейі де мектепте оқушылардың бай мен кедей болып бөлініп, дөкейдің балаларының оқымаса да, бәріне қолы жететінін айтып мақтануын, алайда олардың 10 жылдан кейінгі тағдыры керісінше болғанын көрсету арқылы ауқатты ата-анаға емес, таза білімге сеніп, алға ұмтылу керек деген көзқарасты насихаттады. Сарайшық ауданының атынан шыққан №93 мектеп-лицейінің оқушылары кибербуллинг, интернетке тәуелділік мәселесін ұлттық құндылық, ұлттық салт-сананы дәріптеу арқылы шешу мәселесін көтеріп, сценарийдің сауатты құрылуы, сөз саптауының мінсіздігімен ерекшеленді. Соңғы шыққан Сарыарқа ауданының №58 мектебі оқу орнындағы әлімжеттік, буллинг мәселесінің арты суицидке әкелетінін, бұл ретте балаға қоғам, ата-ана, ұстаз болып көмектесу керектігін шынайы сахналық көрініс арқылы көрерменге жеткізе білді. Барлық қойылымда оқушылардың мықты актерлік қабілеті, рөлге берілуі, сахнада өзін ұстауы көпшілікті тамсандырып, көзге жас алғызды.

– Былтыр бастау алған байқау биыл да жалғасын тауып, бұған дейінгі іріктеу сайысының жемісін көрдік. Әр адам өмірге келген соң айналасын, жан-жағын тануға ұмтылады. Көбіне білместіктен немесе дұрыс бағыт-бағдар берілмегендіктен қателікке ұрынып жатады, қылмысқа да барады. Соның алдын алуда осындай іс-шаралардың маңызы зор. Сахнаға шыққан әр бала еліміздің адал азаматы, өз мемлекетінің заңын қадірлейтін болашақ тұлға боларына сенім мол. Осындай өнегелі жолды көрсету – ортақ борышымыз. Өнер көрсеткен барлық мектеп мықты, бәрін де жеңімпаз деп тануға болады, осы ретте қазылар алқасына оңай тиген жоқ. Бірақ сайыстың аты – сайыс. Барша жүлдегерді құттықтаймын! Келесі жылы байқаудың ауқымын кеңейтіп, республикалық деңгейде өткіземіз деген ойдамыз, – деді Есет Байкен.

Байқау қорытындысында «Үздік актер» естелік сыйлығымен №87 мектеп-гимназияның 6-сынып оқушысы Рахматуллаh Жанатқан, «Үздік актриса» аталымы бойынша Қожа рөлін сомдаған №108 мектептің 6-сынып оқушысы Мейірім Сүлейменов, «Тақырыпқа ерекше көзқарас» аталымымен №28 мектеп-лицей, «Үздік сценарий» аталымымен №58 мектеп-лицей, «Үздік видео» аталымымен №17 мектеп-гимназия, «Екінші фондағы үздік рөл» аталымымен №93 мектеп оқушысы Бек Сапархан марапатталды. «Заң мен тәртіп» қағидаты аясында әлеуметтік бейнероликтер жасауға қатысқаны үшін №97 және №75 мектептерге де марапат табысталды. Сайыстың жүлделі орындарын бергенде 6-орынды – №28, 5-орынды – №93, 4-орынды – №58, 3-орынды – №87, 2-орынды – №108 және 1-орынды №17 мектептер иеленді. Жүлдегерлер дипломға қоса 50.000-300.000 теңге аралығында ақшалай және номинация иегерлері бағалы сыйлықтарға ие болды.

# ШИРЕК ҒАСЫР – ТӘРТІП САҚШЫСЫ



Есіл ауданының учаскелік полиция инспекторы Нұржан Шорин – өз ісіне адал берілген жан. «Құқық қорғау саласына жан қалауымен келген адам ғана мұнда түпкілікті қалады. Ал біреудің итермелеуімен немесе әйтеуір жалақы аламын деп келгендер көпке бармайды. Себебі халықпен жұмыс істеу оңай шаруа емес. Олармен ашық, адал болу керек, біздің еңбегімізге бірінші баға беретін солар» дейді инспектор.

Биыл – Нұржан Серікбайұлының тәртіп сақшысы болып еңбек жолын бастағанына 25 жыл. Алғаш қызметін Петропавл қалалық ішкі істер бөлімінде жедел уәкіл лауазымынан бастаған. Көкшеде туып, Қарағанды полиция академиясын заңгер мамандығы бойынша тәмамдаған. Бала кезден армандаған жұмысын 2023 жылдан бері Астанада жалғастырып, бүгінде елорданың сол жағалауындағы тұрғындар қауіпсіздігін қамтамасыз етуге қызмет етуде.

– Жұмыстағы басты міндетіме Есіл ауданында өзіме бөлінген аумақты аралау, тұрғындар тыныштығын қамтамасыз ету, түрлі қылмысқа жол бермеу жатады. Жұмыс таңертең сағат 8:00-де басталып, кешкі сағат 23:00-ге дейін жалғасады. Әр үйде МИБ, ПИК өкілдерімен, тұрғындармен кездесу өткізіп, арыз-шағымын тыңдаймыз, түсіндіру жұмысын жүргіземіз. Ортақ WhatsApp-чат ашып, сол жерде барлық мәселені талқылап, сондағы хабарламалар бойынша тексеру жүргізіп отырамыз. Түнде пәтер иелері немесе жалдап тұратындар шулаcard, көршілерінің шағымымен хаттама толтырамыз. Кіреберістерде қоқыс тастауына жол бермей, тазалық ережелерін бұзғандарды анықтаймыз, – дейді учаскелік инспектор.

Лифт жанында етін ұмытып кеткен бір қария хабарласып, содан ол дереу бейнебақылау камералары арқылы етті еден жуатын әйелдің алып кеткенін анықтаған. Сондай хабарламалардың күн сайын 4-5-еуі түседі. Жұмыс жоспарына сәйкес, Нұржан инспектор үш айда бір рет аумақта кездесу өткізеді. 6 баланың әкесі ұрпағының болашағы үшін Астанаға келіп қызмет етуде. Бос уақытында футбол ойнағанды жақсы көреді, жалпы өзі салауатты өмір салтын ұстанғанды жөн санайды.

Қазақстанда цифрлық технологиялардың қарқынды дамуына байланысты көптеген сала онлайн жүйеге көшуде. Сауда жасау, қызмет ақысын төлеу, мемлекеттік қызметтерді алу мен қаржы операцияларын жүргізу бүгінде қалыпты жағдайға айналды. Алайда цифрланудың артуымен қатар киберқауіп те күшейіп келеді. Астанада интернет-алаяқтық оқиғалары көбейді. Полиция басқармасы, осыған орай, дабыл қағады. Бұл туралы Астана қаласы Полиция департаменті Киберқылмыспен күрес басқармасының бастығы Талғат Бөлегенов мәлімдеді.

# АЛАЯҚТЫҚ АСҚЫНЫП ТҰР

Басқарма басшысының айтуынша, 2024 жылдың тамыз айынан бастап бүгінге дейін елордада интернет-алаяқтыққа қатысты 4000-нан астам қылмыстық дерек тіркелген.

– Алаяқтар заманауи технологиялар мен цифрлық платформаларды пайдалана отырып, алдаудың түрлі күрделі тәсілін қолдануда. Қазіргі таңда әрбір желі қолданушысы алаяқтардың құрбанына айналуы мүмкін. Бұл қатерден ешкім де сақтандырылмаған, – дейді Талғат Бөлегенов.

Спикер қылмыскерлер алдауды мессенджерлер арқылы да, интернет-дүкендер мен жалған сайттар арқылы да, тіпті инвестиция платформалары арқылы жүзеге асырада екенін алға тартты.

Ал жеке деректі қорғаудың тиімді тәсілдері ретінде күрделі құпиясөздер мен екі факторлы аутентификацияны пайдалануға кеңес берді. Жеке деректерді қорғауды жақсарту аялықтардың алдын ала сақтық шараларын жасауы көптеген қылмысты болдырмауға мүмкіндік береді.

– Егер күмәнді сілтемелерді байқасаңыз, сілтемеге өтпеңіз, тіпті олар таныстарыңыздан келсе де. Себебі парақша немесе сайт бұзылған болуы мүмкін. Сондай-ақ ешкімге SMS арқылы келген кодты, банк құпиясөзін немесе жеке деректі беруге болмайды, әсіресе өзін банк немесе мемлекеттік орган өкілі ретінде таныстырған адамдарға, – деп ескертті басқарма басшысы.

Ол онлайн-сатып алу кезінде алдын ала төлем жасауға асықпауға шақырды.



**Алаяқтықтың кең тараған 5 тәсілі:**

1. Банк қызметкері ретінде хабарласу: алаяқтар өздерін банк маманы ретінде таныстырып, күмәнді транзакцияларға сілтеме жасап, жеке деректерді сұрайды.

2. Онлайн-сатып алудағы алдау: жалған тауар жарнамасын жариялап, алдын ала төлем алған соң, хабарсыз кетеді.

3. Фишинг сайттары: ресми сайттарға ұқсайтын жалған ресурстар арқылы қолданушылардың логин, құпиясөзін иемденеді.

4. Инвестициялық алаяқтық: қолайлы инвестициялық мүмкіндік ретінде ұсынылған алаяқтық платформалар салым салдыртып, қаражатты шешуге келгенде жоқ болады.

5. Мессенджерлерді бұзу: парақшаларды бұзып, таныс адамыңыздың атынан ақша сұрап, хабарлама жібереді.

**Киберқауіпсіздіктің кепілі қандай?**

Талғат Бөлегенов кибергигиена қағидаларын сақтау киберқауіпсіздіктің негізгі шарты екенін атап өтті. Оның айтуынша, қолданушылардың алдын ала сақтық шараларын жасауы көптеген қылмысты болдырмауға мүмкіндік береді.

**Ақпараттық-түсіндіру жұмысы жалғасуда**

Полиция департаментінің қызметкерлері қаладағы білім беру мекемелерінде, мемлекеттік және жекеменшік ұйымдарда тұрақты түрде дәрістер мен кездесулер өткізіп келеді. Сонымен қатар әлеуметтік желілерде ақпараттандыру белсенді жүргізіліп жатыр. Пайдаланушыларға арналған көрнекі материалдар, бейнероликтер мен кеңестер жариялануда.

– Қылмыстың алдын алу оны ашқаннан әлдеқайда тиімді. Сондықтан біз халықты ақпараттандыруды, цифрлық сауаттылықты арттыруды және киберқауіпсіздікті бірге қамтамасыз етуді жалғастырамыз, – деді Талғат Бөлегенов.

Киберқылмысқа тап болған немесе күдікті оқиға байқалған жағдайда, 102 нөміріне хабарласу немесе жақын маңдағы полиция бөлімшесіне барып көмекке жүгінсеңіз болады. Сонымен қатар eGov электрондық үкімет порталы арқылы да өтініш қалдыруға болады.

Бетті дайындаған **Райхан РАХМЕТОВА**

# АТЫ АҢЫЗҒА АЙНАЛҒАН




Жеңіс күнінен алыстаған сайын, біз оның тарихи маңызын тереңірек ұғына түсеміз. Бұл күн – аға буын мен бүкіл халықтың тағдырындағы ең басты кезең. Ол ешқашан ұмытылмауы тиіс, өйткені Жеңіс өмірлерін қиған, бірлікті, бауырластықты және бүкіл Кеңес халқының қаһармандығын қажет еткен. Сол халықтың тең мүшесі ретінде Қазақстан Республикасы да майдан мен тылда Отанды қорғауға белсене қатысты. Бабаларымыз бен аталарымыз қымбат баға төлеп алып келген Ұлы Жеңіс – егеменді Қазақстан Республикасы үшін ерекше мәнге ие.

Біз өз тәуелсіздігімізді, бостандығымызды, халықтар достығын сақтауымыз керек, ата-бабалар аманатын адал орындауға тиіспіз. Ұлы Отан соғысында жеңіске жеткен әкелеріміздің ерлігі бүгінгі таңда, Тәуелсіз Қазақстан мемлекетінің берік іргетасы болды. Екінші дүниежүзілік соғыстың бар ауыртпалығы мен қиындығын Кеңес халқы көтерді, оған біздің республикамыз да лайықты үлес қосты және оны ешкім тартып ала алмайды. Соғыс сұмдық, қорқынышты әрі күйретуші болды. Ол қасірет ешқашан қайталанбасын.

Аға буын Қазақстан халқы мен жастарын еліміздегі бейбітшілік пен тыныштықты сақтау, жастарды барлық этностарға деген достық пен құрмет рухында тәрбиелеу қажеттігін айтып келеді. Тәуелсіздік пен бейбіт өмірдің арқасында біз зор жетістіктерге жеттік.

Қазақстан халқына арнаған Жолдауында: «Жаңа Қазақстан: Жаңару мен жаңғыру жолы» атты Жолдауында Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев былай деген: «Жоғары патриоттық рухқа ие ұлт барлық мақсатына жетеді. Біздің миссиямыз – Жаңа Қазақстанды құру. Әр азаматтың конституциялық құқықтарының сақталуын қамтамасыз етеміз. Мемлекет пен қоғам арасындағы өзара сыйластық пен сенімге негізделген жаңа саяси мәдениет қалыптастырамыз. Біз өз басты құндылығымыз – тәуелсіздікті сақтауымыз керек, ұлттық бірегейлігіміздің негізін нығайтып, еліміздің трансформациясына күш салуымыз қажет. Бұл – болашақ ұрпақ алдындағы қасиетті борышымыз».

Бүгінгі күні бұл міндеттер өмірге сәтті енуде. Соғыс жылдары Қазақстаннан майданға 1 миллион 700 мыңнан астам адам майданға аттанды. Қазақ сарбаздары ерекше ерлік пен батырлық көрсетті. Олардың жартысынан астамы майданнан оралмады.

Әр жылдың 9 мамырында – Ұлы Жеңіс күні – біз ерлік көрсеткен және Отан үшін жанын қиған жауынгерлерді еске аламыз. 558 қазақстандық Кеңес Одағының Батыры атағына ие болды. Солардың бірі – Ұлы Отан соғысының батыры, Отанға адал нағыз патриот, өзінің ерлігімен Ұлы Жеңісті қорғап қалған тұлға, штурмовик-ұшқыш, авиация генерал-майоры, екі мәрте Кеңес Одағының Батыры, мемлекет және қоғам қайраткері Талғат Якубекұлы Бигелдинов.

Талғат Бигелдинов 1922 жылы 5 тамызда Ақмола облысы Ақмола ауданы Майбалық ауылында дүниеге келген, қазіргі уақытта бұл жер Есіл ауданы, Астана қаласына қарайды. Туған ағасы Якубек Бигелдиновтің тәрбиесінде болды. Шын аты-жөні – Бигелдинов Талғат Түсіпбекұлы, ұлты – қазақ. Балалық шағы мен жастық кезі Қырғызстанның астанасы Бішкек қаласында (сол кездегі Пішпек) өтті.

Талғат бала күнінен ұшқыш болуды армандады. Тағдыр оны көк аспанмен байланыстырды. Талғат деген есімнің өзі араб тілінен аударғанда «биіктік», «көтерілу» деген мағынаны білдіреді, бұл оның кәсіби жолын дәл айқындады.

Мектепте оқи жүріп, Фрунзе әуе клубына түседі. Өзінің алғашқы ұшу сәтін Талғат: «Ұшақ жерден көтерілгенде қуаныштан айқайлап жібердім» деп сипаттайды. Әуе клубын және орта мектепті бітірген соң, 1940 жылы Саратов әскери ұшқыштар мектебіне, кейін Орынбор әскери авиациялық училищесіне түсіп, оны 1942 жылы аяқтайды.

> Талғат Бигелдинов алғашқы ұшуынан-ақ ерекше ерлік пен дәлдікті көрсетті. Оны екі рет жау ұшақтары атып түсірді, бірақ ол тірі қалып, қайтадан өз полкіне оралды. Бір жағдайды айта кетсек, жарақаттанып, жау тылында бірнеше күн жүріп, Солтүстік Донец өзенінен жүзіп өтіп, өз әскеріне жеткен

1943 жылдың қаңтарынан бастап, Ұлы Отан соғысына қатысады. Штурм авиациясында жауынгерлік тапсырмаларды орындайды: жау әскерін, эшелондарды, көпірлерді, танктерді жояды, әуе барлау жүргізеді. Талғат Якубекұлы штурмовик-ұшқыштан бастап авиаэскадрилья командиріне дейін өседі. Калинин, Воронеж, Степной, 2 және 1 Украин майдандарында шайқасты. Курск шайқасына, Днепрден өтуге, Львов-Сандомир, Силезия және Берлин операцияларына қатысқан.

Ұлы Отан соғысы кезінде Ил-2 ұшағымен 305-тен астам жауынгерлік ұшу жасады. Әуеде 500 сағат ұшып, 15 әуе шайқасында, 5 жау ұшағын жеке, 2 ұшақты топпен атып түсіреді.

Талғат Бигелдинов алғашқы ұшуынан-ақ ерекше ерлік пен дәлдікті көрсетті. Оны екі рет жау ұшақтары атып түсірді, бірақ ол тірі қалып, қайтадан өз полкіне оралды. Жарақаттанып, жау тылында бірнеше күн жүріп, Солтүстік Донец өзенінен жүзіп өтіп, өз әскеріне жеткен.

1943 жылы Харьков аэродромына шабуыл кезінде екі жау ұшағын жойып, бірнешеуіне зақым келтірді. Ол: «Бірінші шайқасты аман-есен өткізу маңызды. Қорқыныш сезімі болса да, оны жеңу керек. Соғыстың заңы қатал: өлсең де, тапсырманы орында» деп жазды.

Днепр өзені арқылы өтетін көпірді жою кезіндегі ерлігі ерекше аталды. Сонымен қатар, Берлин операциясы кезінде Берлин үстімен барлау ұшуын орындап, жаудың бетін қайтарды.

1944 жылы 27 маусымда Талғат Бигелдиновке Кеңес Одағының Батыры атағы берілді. 1945 жылы Берлин шайқасындағы ерлігі үшін екінші мәрте Кеңес Одағының Батыры атанды. Ол кезде жасы небәрі 23-те еді.

Соғыстан кейін, 1950 жылы Мәскеудегі Әскери-әуе академиясын аяқтады. 1957-1970 жылдары азаматтық авиацияда еңбек етті. Кейін Қазақ КСР-нің Мемқұрылысы жүйесінде жұмыс істеді. Оның басшылығымен Қазақстанда 20 жаңа ұшу-қону жолағы салынды.

Ол Мәскеудегі құрылыс инженерлік институтын сырттай аяқтады. Талғат Бигелдинов Қазақстанның көптеген тарихи нысандарының құрылысына қатысқан.

КСРО Жоғарғы Кеңесінің депутаты болып үш мәрте сайланды. Екі мәрте Ленин орденімен, Александр Невский орденімен, Қызыл Ту, I және II дәрежелі Отан соғысы ордендерімен, Қызыл Жұлдыз және Слава ордендерімен, Қазақстанның «Отан», «Даңқ» ордендерімен марапатталған. Талғат Якубекұлы 93 жасында өмірден өтті. Алматы қаласындағы Кеңсай зиратында жерленген.

Талғат Бигелдинов – Қазақстанның тарихындағы халық қаһарманы, жастарға үлгі болған шынайы офицер-патриот. Оның атымен әскери оқу орындары, мектептер аталған. Ол туралы кітаптар жазылып, фильмдер түсірілген. Астанада, Көкшетауда, Бішкекте, Ақтөбеде, Ақмола ауылында ескерткіштері қойылған.

Оның есімімен Астана халықаралық әуежайын атау туралы ұсыныстар түсіп жатыр. Бұл – орынды бастама. Ол – Қазақстанның жалғыз екі мәрте Кеңес Одағының Батыры болған қазақ ұшқышы.

Талғат Бигелдинов өз өмірін Отанға қызмет етуге, елін сүюге және құрметтеуге арнаған аңыз адам ретінде тарихта мәңгі қалды.

**Амангелді АШИРОВ,**
**Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің медиатобының мүшесі,**
**Ж.АКБЕРГЕНОВА,**
**Астана қаласы Ардагерлер кеңесінің кеңесшісі**



---



# КУРСК ШАЙҚАСЫНЫҢ ҚАҺАРМАНЫ

Жуырда газетімізге оқырманымыз Айжан Ерғалиқызы хабарласып, Ұлы Отан соғысында ерлікпен қаза тапқан атасы Нұрбек Мұқанов туралы мәліметтерді ұсынды.

**Аманғали ҚАЛЖАНОВ**

Биыл – Жеңістің 80 жылдығы. Қарағанды облысы Тельман (қазіргі Бұқар жырау) ауданы Ростовка кентінде дүниеге келген Нұрбек Мұқанов сол жеңіске үлес қосқан адамдардың бірі. Соғыс басталғанға дейін туған ауылындағы мектептің іргетасын қалап, 28 жасында аталмыш білім ошағының директоры болды. Сол мектепте оның тұсында мұғалім болып жұмыс істеген жазушы Қамаш Бегімов: «Мектеп директоры Нұрбек Мұқанов салмақты, жаны жайсаң азамат еді. Адамдармен тіл табысуға шебер бұл кісі біз сияқты жастарға көмек қолын созудан аянбайтын» деген естелік жазды.

Нұрбек Мұқанов 1941 жылдың 25 желтоқсанында өз еркімен майданға аттанды. Ұйымдастырушылық, жоғары жауапкершілік қасиеттері ескеріліп, басшылық оны бірден 108-атқыштар дивизиясы штаб бастығының орынбасары етіп тағайындады. Ұлы Отан соғысындағы шешуші ұрыстардың бірі Курск шайқасына қатысты. Үйіне жолдаған соңғы хатында «Ештеңеге қарамастан жауды жеңетінімізге сенімдіміз. Болашақта кездесеміз» деп жазыпты. Алайда кездесу жазбады, 1943 жылдың 19 шілдесінде небәрі 36 жасында Болхов ауданының Руднево кентінде қаза тапты.

Елде жары – Паруаз, төрт перзенті қалған еді. Кенжесі Ерғали әкесі қаза тапқанда 3 жасқа да толмаған еді. Отбасы ұзақ жыл майдангердің қайда жерленгенін білмеді. Іздестірудің арқасында табылды. Болхов ауданындағы Кривцовск бауырластар зиратында жер бесікке бөленген екен. Боздақтарға орнатылған мемориалда оның есімі қашап жазылды. Ұлы Ерғали өзінің қызы Айжанмен осыдан 12 жыл бұрын Болховты азат етудің 70 жылдығына орай әкесінің жатқан жеріне барып, рухына тағзым етті.

Бүгінде Ерғали Нұрбекұлы бұл өмірде жоқ. Алайда майдангердің ұрпағы аталарын ұмытпай, еске алып отырады. Нұрбек Мұқанов негізін қалаған Ростовка кентіндегі мектепте майдангердің музейлік бұрышы жұмыс істеп тұр. Жерлестері ұлағатты ұстаздың есімін елдің есінде осылай сақтап отыр.

# ҚАЛАМГЕРЛІК ПЕН ҚАЙРАТКЕРЛІК ҚҰДІРЕТІ

15 мамыр күні Түркістан қаласында көрнекті қаламгер Мархабат Байғұттың 80 жылдығына арналған «Мақамы бөлек Мархабат Байғұт» атты халықаралық симпозиум өтеді. Оған еліміздегі белгілі қаламгерлер, Парламент депутаттары мен қоғам қайраткерлері, сонымен қатар Қырғызстан, Өзбекстан, Түркияның қаламгерлері қатысқалы отыр. Сол күні кешкі 18.00-де Шымкент қаласындағы Жұмат Шанин атындағы Қазақ сазды-драма театрында «Жоғалған жұрнақ» пьесасы қойылады. Қаламгердің 80 жылдығына арналған шаралар 16 мамыр күні Шымкент қаласындағы Ө.Жәнібеков атындағы Оңтүстік Қазақстан педагогикалық университетіндегі ғылыми-практикалық конференцияға ұласады. 17 мамыр күні Түлкібас ауданында бұған дейін ұйымдастырылып жүрген «Таупістелі тағылымының» кезекті конференциясы өткелі жатыр.



Қазақтың көрнекті жазушысы, халықаралық «Алаш» сыйлығының иегері, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Құрмет» және «Парасат» ордендерінің, сондай-ақ халықаралық «Түркі әлеміне қызмет» сыйлығының иегері, Оңтүстік Қазақстан облысының құрметті азаматы Мархабат Байғұт ағамен қош айтысқанымызға да жылдан астам уақыт болды. Қараша айының қоңыр салқынында аптал азамат, көркемсөз бен көсемсөздің шебері, мақамы бөлек Мархабат көкем келместің кемесіне мініп, кете барды.

Біз Мархабат ағамен бауыр болдық. Қызмет бабында да көп жолығатынбыз. Қаламгерлік қабілеті бөлек-тін. Кітап жазса да, әңгімелері басылымдарда жарияланса да үзбей оқитынмын. Әрбір туындысындағы ойларды өмірден алатын. Әңгімелері сонысымен құнды еді. Бір ғана «Жұрнақ» атты жазбасында бүкіл Желтоқсан оқиғасының мән-жайын көрсетті. Ал «Нәуірзек», «Қорғансыз жүрек» «Серт пен сенім» және тағы басқа да жарық көрген кітаптарында ел өміріндегі жағдайларды жеткізді.

Ел газеті «Егемен Қазақстан» газетінің өңірлік тілшісі ретінде облыстың әлеуметтік-экономикалық дамуы жолындағы атқарылып жатқан жұмыстарды кең көлемде елге таныстырды. Өзекті мәселелерді көтеріп, шешілуіне ұйытқы болды. Әсіресе, төтенше жағдай туғызған оқиғалардың бел ортасында жүрді. Бұл Махаңның кәсібіне адалдығы деп білемін.

Мен Сарыағаш ауданында әкім болған жылдары 8 ауылдық округтегі екі мыңға жуық үйді тасқын суы басып қалды. Махаң «Егеменнің» арнаулы тілшісі ретінде оқиғаның дәл ортасында жүрді. Қиын сәтте қасымнан табылып, қолдауын көрсетті. Жапа шеккен жандармен тілдесіп, жағдайды түсіндірді. Көзбен көргенін сөзбен суреттеп, еліміздің бас газетіне «Кібесе қарғыны» атты тақырыппен көлемді мақала жазды. Сындарлы сынаққа тектілікпен төтеп берген сол кездегі әкімдік қызметкерлері мен жұмысшы топтың еңбегі жоғары екендігін басылым арқылы жеткізді.

Көркемсөз бен көсемсөздің шебері, елдік істердің бастамашысы еді.

Соның тағы бір мысалын айтсақ, «Ырыс алды – ынтымақ» жобасы Оңтүстік өңіріндегі ең айтулы рухани жобалардың бірі ретінде танылды. «Таупістелі тағылымы», «Бозарықтан Бозторғайға дейін» секілді іс-шаралар да Мархабат ағаның ұйымдастыруымен қолға алынды. «Ырыс алды – ынтымақ» жобасында қаншама маңызды мәселелер көтерілді. Соның бірі – халықты бірлікке, ынтымаққа шақыру болса, екіншісі жастардың тәрбиесіне арналды. Тәуелсіздікті ұстап қалудың бір жолы – ол халықтың ынтымақ-бірлігі. Экономика қарыштап дами берер, егер қоғамда ішкі бірлік болмаса оның бәрі бекер боп қалуы мүмкін. Сондықтан бір кездері елімізге осындай рухани жобалар керек болды. Тіпті елді ынтымаққа бастайтын мұндай бастамалар әлі де керек. Себебі өздеріңіз көргендей, қазіргі таңда әлемнің қай бұрышын алсақ та тыныштық болмай тұр. Оны геосаяси жағдайдың осы күнде шиеленісіп тұрғанынан байқауға болады. Осындай аумалы-төкпелі заманда қоғамның айрандай ұйыған береке-бірлігін сақтап қалудың өзі – үлкен тірлік. Әлі есімізде, «Ырыс алды – ынтымақ» форумы зиялы қауым өкілдерінің қатысуымен өтетін. Келелі басқосуда қайтсек ынтымағымыздан ажырап қалмаудың жолын қарастырамыз, әлемнің дамыған мемлекеттер көшіне елімізді ілестіріп, солардың қатарына қайтсек қосамыз деген секілді ауқымды мәселелер айтылып, олардың шешуі ретінде ойшыл азаматтар өздерінің ой-пікірлерін ортаға салатын. Соның ішінде әсіресе діни фанатизмге, діни теріс ағымдарға жастардың ілесіп кету қаупінің алдын алу туралы өзекті проблемалардың түйіні тарқатылып, көптеген маңызды ұсыныстар айтылатын. Ал осынау форум-жиындардың бас дирижері тума талант иесі Мархабат Байғұт ағамыз болатын. Бұл қаламгердің жазушылық еңбегінен бөлек осылай қоғамды ұйыстыруға күш-қайратын бағыттаған қайраткерлік қасиеті мен мінезі деп білеміз.

«Жақсының аты, ғалымның хаты өлмейді» демекші, Махаңның жазған шығармалары қазақ халқы тұрғанда мәңгілік жасай береді. Жазушының бір таланты қанша уақыт өтсе де ескірмейтін, өлмейтін шығармалар жазып кетуінде. Махаңда да дәл солай. Ауылдардың халахуалы, ауылдағы қарапайым азаматтардың тұрмыс-тіршілігі мен адамдардың арасындағы қарым-қатынас – мәңгі өлмейтін тақырып. Арада талай ғасыр өтсе де қоғамда осы тақырып әрдайым өзекті болып қала береді. Яғни, адамдардың өзара бір-бірімен байланысы, жақсы мен жаманның арасындағы күрес, рухани кемелдікке ұмтылу, керісінше адамгершілік қасиеттерден айырылып қалудың себептері мен оның қоғамға кері әсері жайындағы тақырыптар ешқашан өзектілігін жоймақ емес. Міне, жазушы Мархабат ағамыз адам психологиясындағы, ішкі жан дүниесіндегі осы мәселелерді қаузап өтті, қарапайым адамдардың қоңыртөбел тіршілігін әңгіме-повестерінің мазмұнына айналдырды. Қаламгер сонысымен талантты, оны жұрт осы шығармалары үшін шын ниет, жүрегімен жақсы көреді.

Рас, Мархабат ағаның жазған дүниелерін оқып отырып, ауылдағы өмір көз алдыңа келеді, ондағы қыз-қыз қайнаған тіршіліктен өзіңнің балалық шағың еске түседі. Ал кейіпкерлерінің бейнесін көргенде соларға ұқсаған жандардың сенің де айналаңда толып жүргенін байқайсың. Сөйтіп солардың мінез-құлқына, істеген істеріне қарап жақсы мен жаманды ажыратасың, өмірді іштен, жақыннан танығандай күй кешесің. Жазушы шығармасының адамды тәрбиелей алатын құрал екендігінің құдіретін сол кезде барып сезінесің.

Мархабат аға журналистиканы көсемсөз, әдебиетті көркемсөз деп атайтын. Бір таңғаларлығы, қаламгер екі салада да тер төгіп соның биігіне шыға алған азамат болды. Оңтүстіктен түлеп ұшқан талай ақын-жазушы Астана мен Алматы қалаларының тұрғыны боп сол жаққа сіңісіп кетті. Ағамыз да елордаға немесе зиялы қауым ордасы Алматыға көшіп кетуге шамасы келер еді. Және оны ол үшін ешкім де сөге қоймас. Бірақ Махаң өз туған жерінде қалып, Оңтүстіктің киелі топырағын қиып ешқайда кеткісі келмеді. Бұл да ағамыздың қарапайымдылығы мен бойында тұнған адалдық қасиеті шығар.

Адам талантты болса түбінде бәрібір мойындалады және сүйікті жазушысы қай жерде жүрсе де оған деген халықтың сүйіспеншілігі кеміп қалмайды. Осынау ойымыз Мархабат ағаға тікелей қатысы бар деп білеміз. Өйткені ол елдің оңтүстік қиырында өмір сүрсе де халық қазақтың мықты қаламгерлерінің бірі ретінде әлдеқашан бағасын беріп қойды. Сонымен бірге Махаңның әрбір жазған шығармасы, одан бөлек жазушының өзінің адами қадір-қасиеті әдебиетсүйер қауымның жүрегінен ойып тұрып орын алғанын жоққа шығармауымыз керек.

Ендігі жерде жазушының қаламынан шыққан кітаптары қалың оқырман арасында кеңінен насихатталу керек деп ойлаймын. Өйткені адамгершілік, руханият пен мәдениет құндылықтарын толғаған бұл шығармалар адамзатты ізгілікке, пайым-парасатқа шақыруда өте үлкен рөл атқарады деп сенемін.

Махаң достыққа адалдықтың, бауырмашылдықтың үлгісі еді. Оңтүстік өңірінің журналистері еркелетіп «журналиссимус» деп атап кеткен марқұм Баекең Байдулла Қонысбек екеуі әрі ағалы-інілі бауыр әрі араларынан қыл өтпес нағыз достар еді. Екеуінің бір-бірін ренжітпейтін қағытпа сөздеріне, әдемі әзілдеріне қарап жұрт «шіркін-ай, бізде де осындай жақсы достар болса ғой» деп армандайтын. Солардың ішінде біз де бар едік. Махаң мен Байекең тек дос болып қоймай, сонымен бірге екеулеп талай бастамалардың жаршысына айналды.

> Көркемсөз бен көсемсөздің шебері, елдік істердің бастамашысы еді. Адам талантты болса түбінде бәрібір мойындалады және сүйікті жазушысы қай жерде жүрсе де оған деген халықтың сүйіспеншілігі кеміп қалмайды. Осынау ойымыз Мархабат ағаға тікелей қатысы бар деп білеміз

Оңтүстікте игі бастамалар осы екі қаламгер ағаларсыз өтпейтін. Уақыт шіркіннің зымырап өтіп жатқаны-ай! Соны бәрі күні кеше сияқты еді. Қос ағаның бастаған әдемі бастамасының бірі тойға кешікпей келу мәселесі болатын. Осыған орай екі қаламгер де жиын-тойға өздері көпке үлгі боп уақытында барып, жұртты шақырған жерден кешікпеуге үндейтін. Қарап отырсаң, сол кездер нағыз берекелі уақыт екен ғой. Ендігі жерде зиялылықтың нағыз үлгісін көрсетіп кеткен ағалардың рухы шат болсын деп тек дұға тілейміз.

Осыдан оншақты жыл бұрын Мархабат аға «Егемен Қазақстан» газетінде біз туралы көлемді мақала жазған қаламгердің ұсынысымен «Тәуелсіздік және шенеунік» айдарын ашсақ қалай болады деген идеямен еліміздің бас газетінде мемлекеттік қызметкерлер жайында мақала жарияланып, соның бір кейіпкері өзіміз болғанбыз. Біздің кім екенімізді, мақтауға лайықпыз ба, оның бағасын, әрине, халық береді. Бірақ сол кезде ағамыздың шенеуніктің бәрі шіренген адамдар емес, арасында шынайы пейіл-ықыласымен елге адал қызмет етіп жүрген жандар да баршылық және олардың саны да аз емес деген секілді мағынадағы ойларына толықтай қосыламын.

Жалпы Махаңның ешкімге ұқсамайтын, өзіндік бөлек стилі бары рас. Оны әдебиетсүйер қауым да, қолына қалам ұстаған жазушы-журналшылар да мойындап, талантына, жазу мәнеріне ерекше сүйсініп тәнті болған. Жасыратын несі бар, солардың ішінде біз де бармыз. Иә ағамыздың жазу стилі, сөз саптауындағы өзіндік өрнектері бөлекше ғой, шіркін. Әсіресе қаламгердің сөздерді бас әрпіне қарай ұйқастырып, қатарын бұзбай бір ойды құрап жазуы айрықша таңғалдырады әрі қазақ тілінің осынша сөзге бай екендігіне жазушы өз шеберлігі арқылы бас ұрғызады. Сонымен бірге жазушы қазақтың көнерген ескі сөздерін де беталды қолданбай, реті келген жерінде, орайына қарай пайдалануы оқырман жүрегін ұғынар жан дүниесі нәзік қаламгер екенін аңғартады. Мәселен, сол мақаладағы мына сөзге назар аударсақ: «Тоталитаризм тітіренткен кезенейлі кезеңдерде «Бөліп ал да, билей бер» деген баяғы сайқал саясат сұрқия сипаттарға ие болып, одан әрмен асқына түсті. Сол замандардың бәрінде де түрлі үрдіс-үдерістердің, қилы құбылыстардың бел ортасында шенеуніктер жүрді» дейді қаламгер.

Қош делік, елге қызмет жасау жолындағы елеулі өзгерістердің бірі – халық сенімін арқалап алғаш рет Парламентке депутат болып сайланғаным. Сол кездері Мархабат ағамыз тынбай баспасөз арқылы арнайы ашық хат жазып, өңірдегі өзекті мәселелерді жеткізіп жүретін. Өз тарапынан талай ұсыныстарын айтты. Мен де баспасөз арқылы жауап бердім. Атқарылуы тиісті жұмыс жоспарларымен таныстырдым. Үнемі бір-бірімізбен сырласып, шер тарқатып отырушы едік...

Қазір сол күндерді сағынамын.

Жалпы, аға мен іні арасындағы байланыс әрдайым беріктін. Сәл көрмесек, сөйлеспесек сағынысып қалатынбыз. Ағалық қамқорлық көрсетіп, ақыл-кеңесін беріп отыратын. Амал қанша, өмірдің «қамшының сабындай ғана» қысқа болатынын енді ұғынып келеміз...

Мархабат аға артына теңдессіз мұраны тарту етіп кетті. Әдебиеттің дамуына арқау болған жазбалары алтын қорға айналып отыр. Ал өнегелі өмірі мен шығармашылық жолы тәлім-тәрбиенің асыл көзі болып қала бермек...

Жаныңыз жәннатта болып, пейіште нұрыңыз шалқысын!

**Ұласбек СӘДІБЕКОВ,**
**Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің депутаты**



# ХАН ҚЫЗЫНДАЙ ХАНБИБІ

Л.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің ашылған күніне орай оқу орнында дәстүрлі «Күлтегін» декадасы басталды. Оның аясында көрнекті ақын, халықаралық «Алаш» әдеби сыйлығының лауреаты, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері, «Хан қызындай Ханбибі» атанған Ханбибі Есенқарақызымен кездесу өтті.

Кездесуді университет жанындағы «Кәусар» мәдени-танымдық бірлестігінің жетекшісі, әйгілі әнші, өнертану профессоры, Қазақстанның еңбек сіңірген әртісі, Абай атындағы Мемлекеттік сыйлықтың лауреаты Кенжеғали Мыржықбай жүргізді. Ханбибі ақынның өлеңіне жазылған Тұрдықылыш Ізтаевтың елге белгілі «Нурикамал» әнінің алғашқы орындаушысы Кенжеғали Тұрсынбекұлы екенін айту керек. Тарихы 30 жылдан асатын туындыны Кенжеғали Мыржықбай кездесуде шырқады.

Университет студенттері Ханбибі Есенқарақызының өлеңдерін жатқа айтып, ақынның өзі кейінгі уақытта жазған шығармаларын оқып, қойылған сұрақтарға жауап берді. ҚР Президенті жанындағы Әйелдер істері жөніндегі ұлттық комиссия төрағасының орынбасары Ләззат Сүлеймен, елорданың Алматы ауданы ардагерлер кеңесінің төрағасы Марат Мұстафин, ақын Нұрлан Қалқа, ғалым Қаншайым Данысбекова, филология ғылымдарының докторы, профессор, Қазақстанның еңбек сіңірген қайраткері Серік Негимов жүрекжарды тілектерін жеткізді. Университет ректоры атынан профессор Қайрат Сақ Ханбибі Есенқарақызына «Күлтегін» медалін тапсырды.



# КІМГЕ САЛЫҚ ӨСЕДІ, КІМГЕ КЕМИДІ?

Жуырда Мәжіліс Үкімет әзірлеген жаңа Салық кодексінің жобасын екінші оқылымда қабылдады. Құжат одан әрі Сенатта таныстырылды. Жаңа кодекске енгізілген өзгерістерге біреулер назар аудармаса, екінші біреулер қатты алаңдаушылық танытты. Өйткені банк секторы мен ойын бизнесіне салынатын корпоративтік табыс салығын 25 пайызға дейін көтерсек, ипотека да қымбаттайды. Ұлттық статистика бюросы наурыз айында еліміздегі баспана бағасының бір жылда 5,9 пайызға қымбаттағанын хабарлады. Демек, салық барлық салаға әсер етеді. Енді кімге салық өседі, кімге кемиді дегенге шағын сараптама жасап көрейік.

Төлен
ТІЛЕУБАЙ

### «СӘН-САЛТАНАТ» САЛЫҒЫ ЕНГІЗІЛЕДІ

Жылжымайтын мүлкінің құны 450 млн теңгеден, ал астындағы көлігінің бағасы 75 млн теңгеден асатын ауқаттылар алдағы уақытта қосымша салық төлеуі ықтимал. Өйткені Үкімет жаңа Салық кодексіне «сән-салтанат» салығын енгізуді ұсынды. Премьер-министрдің орынбасары – Ұлттық экономика министрі Серік Жұманғарин Мәжіліс отырысында бұл салықтың қандай дүние-мүлікке салынатынын түсіндіріп берді.

«Біз «сән-салтанат салығы» деп аталатын тауарлардың жекелеген санаттарына жоғары салық салуды ұсынамыз» деді ол.

Яғни құны 450 млн теңгеден асатын үйі бар азаматтардың төлейтін мүлік салығы өседі. Одан бөлек 75 млн теңгенің автокөлігі, қымбат яхта мен жеке ұшақтарға акциз енгізу жоспарланған. Былтыр наурыз айында Ұлттық экономика министрлігі арнайы қаулы жобасын дайындап, байлыққа салынатын салық көлемін арттыруды ұсынғаны мәлім. Сол қаулыда қазақстандықтардың иелігінде 490 яхта бар екені жөнінде ақпарат болған. Дәл осы яхталарға салынатын «сән-салтанат» салығын кеменің ұзындығымен өлшеу керек деп жазылғанын да оқып едік.

### ҚЫМБАТ АРАҚ ПЕН СИГАРАНЫҢ САЛЫҒЫ ӨСЕДІ

Үкімет жаңа Салық кодексінің жобасында қымбат алкоголь мен сигараларға 10 пайыз акциз салуды ұсынып отыр. Бұл санатқа қыздырылатын темекі мен энергетикалық сусындар да кіреді. Соңғы жылдары елімізде энергетикалық сусындарды тұтынушылардың көбейгені, соның ішінде жасөспірімдер мен жастардың мұндай өнімдерге тәуелділігінің артуын ескерсек, бұл қадамды құптауға болады.

Сондай-ақ салық төлеушілермен жұмыстың сервистік моделі ұсынылып, салықты кешіктіргені үшін әкімшілік жазалау тоқтатылады. Бұрынғы Ұлттық экономика министрі Әлібек Қуантыров құны 6 млн теңге Macallan вискиінің мысалында байлық салығы қалай алынатынын тілшілерге түсіндіріп бергені есімізде қалыпты.

### ҚОСЫЛҒАН ҚҰН САЛЫҒЫНЫҢ МӨЛШЕРЛЕМЕСІ – 16 ПАЙЫЗ

Мәжіліс депутаттары жаңа Салық кодексі мен салық салу мәселелері бойынша ілеспе түзетулерді талқылағанда қосылған құн салығының мөлшерлемесін 16 пайыз етіп белгіледі. Жаңа заң жобасына сәйкес, қосылған құн салығы қазіргі 12 пайыздан 16 пайызға көтеріледі. ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі қазіргі 78,6 млн теңгеден 40 млн теңгеге дейін қысқарады. Яғни енді жылдық айналымы (таза табыс емес) 40 млн теңгеден асатын кәсіпкерлер қосылған құн салығын төлеуге міндетті болмақ. Демек салық төлейтін кәсіпкерлердің саны артады деген сөз. Қолданыстағы заң бойынша, жылдық қаржы айналымы тек 78,6 млн теңгеден асатын кәсіпкерлер ғана ҚҚС төлейтін еді. Көңілді алаңдататын бір жайт, 2026 жылдың 1 қаңтарынан бастап ҚҚС мөлшерлемесінің көтерілсе, елімізде тауарлар қымбаттайды.

### ҚҚС-нан КІМ БОСАТЫЛАДЫ?

Үкімет әзірлеген кодекс жобасында әлеуметтік саланы қолдауға қатысты өзгерістер бар. Мәселен, дәрілік заттар мен медициналық қызметтерге қатысты қосылған құн салығының төмендетілген мөлшерлемелері енгізіледі: ол 2026 жылдан бастап 5 пайыз және 2027 жылдан бастап 10 пайыз болады. Соның ішінде тегін медициналық көмектің кепілдік берілген көлемі, міндетті медициналық сақтандыру, сирек кездесетін және әлеуметтік маңызы бар ауруларды емдеу аясындағы тауарлар мен қызметтер қосылған құн салығын төлеуден босатылады. Мүгедектігі бар адамдарға арналған әлеуметтік салық шегерімі 5 мың АЕК-ке дейін ұлғаяды. Бірқатар қоғамдық бірлестіктерді кейбір салықтан босату жоспарланған.

Сондай-ақ әлеуметтік маңызы бар азық-түлік тауарлары мен отандық басылымдарды, баспа түріндегі кітаптарды басып шығару қызметтерін ҚҚС төлеуден босату жоспарланып отыр. Ауыл шаруашылығы тауарларын өндірушілерді қолдау мақсатымен қосымша есепке жатқызуға қосылған құн салығының сомасы 70 пайыздан 80 пайызға дейін ұлғайды. Жеңілдетілген декларацияны реформалау аясында рұқсат етуші тізімінің орнына тыйым салынатын тізім енгізілді.

Мәслихаттардың өңірлік ерекшеліктерін ескере отырып ±50%-ға дейін түзету мүмкіндігімен 4 пайыздық бірыңғай мөлшерлеме белгіленді. Кәсіпкерлік субъектілері арасындағы операцияларға арнаулы салық режимін қолдану кеңейтілді.

### ТАБЫСЫ КӨПТЕРДІҢ САЛЫҒЫ АРТАДЫ

Мәжіліс мақұлдап, Сенаттың қарауына жолдаған құжаттағы тағы бір өзгеріс – еліміздегі жоғары табыс табатындар салықты да көп төлейді. Жаңа Салық кодексінде жеке табыс салығына дифференциалды мөлшерлеме енгізіледі. Яғни азаматтар жоғары табыс тапса, көп салық төлемек. Қазір қанша айлық алсаң да, жеке табыс салығы 10 пайызды құрайды.

**БАНК СЕКТОРЫ МЕН ОЙЫН БИЗНЕСІНЕ САЛЫНАТЫН КОРПОРАТИВТІК ТАБЫС САЛЫҒЫН 25 ПАЙЫЗҒА ДЕЙІН КӨТЕРСЕК, ИПОТЕКА ДА ҚЫМБАТТАЙДЫ. ҰЛТТЫҚ СТАТИСТИКА БЮРОСЫ НАУРЫЗ АЙЫНДА ЕЛІМІЗДЕГІ БАСПАНА БАҒАСЫНЫҢ БІР ЖЫЛДА 5,9 ПАЙЫЗҒА ҚЫМБАТТАҒАНЫН ХАБАРЛАДЫ**

Корпоративтік табыс салығы мен жеке табыс салығына қатысты да нақты өзгерістер болады. Алдағы уақытта жаңа Салық кодексі қабылданған жағдайда жылына 8500 айлық есептік көрсеткіштен асатын айлық алатындар 15 пайыз жеке табыс салығын төлеуге міндеттеледі. Ал 2025 жылға 1 айлық есептік көрсеткіш 3 932 теңге болып белгіленгенін білеміз. Яғни жылына – 33,4 млн теңге, ал айына 2 млн 780 мың теңге айлық алатындар 10 пайыз салық төлейді. Егер жылдық табысы 33,4 млн теңгеден асса, осы сомадан 15 пайыз салық төлеуі тиіс. Сондай-ақ банк секторы мен ойын бизнесіне салынатын корпоративтік табыс салығының мөлшері 25 пайызға дейін көбейеді. Алайда кәсіпкерлік субъектілерін несиелеу бойынша табыс табатын банктерге бұл мөлшерлеме 20 пайыз деңгейінде сақталады.

Ұлттық экономика министрінің орынбасары Азамат Әмрин Қазақстанда 3 млн теңгеден жоғары айлық алатын адамдар 26 мыңнан асатынын айтады. Салық декларациясы деректеріне сәйкес, Қазақстанда айына 3 млн теңгеден асатын жалақы алатын 26,7 мыңнан астам жалдамалы қызметкер бар.

### ДИВИДЕНДКЕ ДЕ САЛЫҚ САЛЫНАДЫ

Бұдан бөлек, ірі компаниялардан қомақты дивиденд алатын акционерлер оған да салық төлейді. Мәселен, 1 млрд теңгеге дейін дивиденд алса, соның ішінде 5 пайызын қазынаға жібереді. Егер 1 млрд теңгеден көп дивиденд түссе, онда 15 пайыз салық төлеуі тиіс. Бұл ретте бейрезиденттер де кірісінен салық төлейді. 60 мың АЕК-ке дейін, яғни 2,4 млрд теңгеге дейін кірісі барлар 10 пайыз, одан асса 17 пайыз салық төлейді. Жаңа кодексті әзірлеуші мамандардың пайымдауынша, мұндай құрылым әділеттілік пен салық салудың пропорционалдылығын сақтай отырып, төмен және орташа табыс табатын азаматтарға салық жүктемесін көтеруге мүмкіндік бермейді.

### 100 ЕСЕГЕ ДЕЙІН КӨТЕРІЛЕДІ

Ауыл шаруашылығы мақсатындағы жерлерді тиімсіз пайдаланған жағдайда жер телімдерін пайдаланғаны үшін төлемақы мөлшерлемесі 100 есеге дейін көтеріледі. Жер қойнауын пайдаланғаны үшін төлем мөлшерлемесі де лицензияның қолданылу мерзімі мен учаскелердің санына байланысты қайта қаралады.

Жалпы алғанда, реформа салық жүйесін жеңілдетуге бағытталған бірқатар негізгі өзгерістерді нақты енгізуді көздейді. Нақтырақ айтқанда: салық есептілігін 30 пайызға, салық санын 20 пайызға қысқарту, салық жеңілдіктерін оңтайландыру, сараланған мөлшерлемелерді енгізу, инвестициялық белсенділікті ынталандыру, сән-салтанат заттарына жүктемені арттыру және басқа да бірқатар өзекті мәселелерді қамтиды.

### БЮДЖЕТТІК КІРІСТЕР АРТА МА?

Қосылған құн салығының базалық мөлшерлемесін 16 пайызға дейін көтеру нәтижесінде бюджет кірістерін артады. Бұл – Үкіметтің болжамы. Алдын ала жасалған есеп бойынша осы өзгеріс арқылы жыл сайын бюджетке қосымша 3 трлн теңге көлемінде кіріс кіреді. Ол қаражатты әлеуметтік бағдарламаларды жүзеге асыруға, инфрақұрылым мен денсаулық сақтау салаларын қолдауға жұмсаймыз дейді шенеуніктер.

Мемлекет шағын және орта бизнестің де хәл-күйін ойлап отырғанға ұқсайды. Мысалы, ҚҚС бойынша міндетті тіркеу шегі 40 млн теңгеге дейін көтерілсе, табыс айналымы осы сомадан аспайтын кәсіпкерлер ҚҚС төлеуден босатылады. Мұндай қадам ауыл-аймақтардағы шағын дүкендер мен халыққа қызмет көрсету саласындағы кәсіпкерлер үшін тиімді, пайдалы болады дейді сарапшылар.

## САЛЫҚ КОДЕКСІ

**ЖАҢА ҚҚС:**

- Базалық мөлшерлеме: 12% → 16 %
- Бюджетке 3 трлн теңге кіріс түседі
- ҚҚС тіркеу шегі: 40 млн теңге
- Әлеуметтік маңызы бар азық-түлік, кітап, археология ҚҚС-тан босатылады
- Ақылы медицина мөлшерлемесі – 10 %, дәрі-дәрмектер ҚҚС-сыз
- Банк қызметіне ҚҚС салынады

**КТС-НЫҢ ЖАҢА МӨЛШЕРЛЕМЕСІ:**

- банк секторы мен ойын бизнесіне – 25%
- қайта өңдеу өнеркәсібіне – 20 %
- білім беру мен медицинаға 2026 жыл – 5 %, 2027 жыл – 10 %
- ауыл шаруашылығы өнімдерін өндірушілерге – 3 %

**ПРОГРЕССИВТІ ЖТС:**

- жылына 33,4 млн теңгеден асатын табысы барларға – 15 %

**СӘН-САЛТАНАТ САЛЫҒЫ:**

- құны 450 млн теңгеден асатын жылжымайтын мүлік
- құны 75 млн теңгеден асатын автокөлік
- яхталар, ұшақтар, элиталық алкоголь

**ШАҒЫН БИЗНЕС:**

- арнайы салық режимі
- жылына 2,36 млрд теңге шегінде
- үйдің жанындағы дүкен, шаштаразға ҚҚС салынбайды

**САЛЫҚ ТӨЛЕУДЕН ЖАЛТАРАТЫНДАРМЕН КҮРЕС:**

- салық төлемеген тұлғалар жаңадан ЖШС аша алмайды
- энергетиктерге акциз салынады



## ДҮЙСЕНБІ
## 19 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 Әнұран
6:05 «Күй-керуен
6:30 «Көңіл толқыны»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «Зейнеп». Телехикая.
12:10 «Қызық екен...»
13:00 «Ауыл мұғалімі». Телехикая.
14:10 «Апта». Сараптамалық бағдарлама.
15:00 «Қос палата»
15:20 «Еңбек адамы». Арнайы жоба
15:50 «ТАТУ-ТӘТТІ». Реалити шоу.
17:00 АҚПАРАТ
17:10 «Әскери ант». Телехикая.
18:00 «ТОПЫРАҚ ПЕН ХАУА». Телехикая.
20:00 АҚПАРАТ
20:30 «АШЫҚ АЛАҢ».
21:20 ТҰСАУКЕСЕР! «112». Телехикая.
22:15 «ЛӘЙЛӘ». Телехикая.
23:15 «1001 ТҮН».
0:20 «Жарқын жүздесу
2:00 «Ашық алаң».
2:50 «Сана».
3:50 Әнұран
3:55 «Тату-тәтті». Реалити шоу.

05:00 "Дүлдүлдер дүбірі"
06:00 Телехикая. "Пәленшеевтер"
07:00 "Оян!"
09:00 Мультсериал. "Питэр Пэн"
09:30 Телесериал. "Зимородок"
11:30 "Тамаша"
12:00 "President"
12:15 "Әлеумет"
12:30 "ОйнаIQ"
13:30 Телехикая "Өгей жүрек"
15:00 Телехикая. "Бахар"
16:00 Телесериал. "Кукольный домик"
18:30 Жаңалықтар
19:00 "Алпыстан асып барамын"
20:00 Телехикая. "Бахар"
21:00 Телесериал. "Зимородок"
22:30 "КешREC"
23:30 Телесериал. "Черная вдова"
01:00 Телесериал. "Перекресток"

**ASTANA TV**

05.50 «Тігінші қыз» телесериал
06.40 «Ничто не случается дважды»
09.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
10.35 «Яркое пламя» телесериал
11.45 «Осман 3» телехикаясы
14.35«Громовы» телесериал
16.35«Ничто не случается дважды»
19.00 «Яркое пламя» телесериал
20.00 «Astanatimes»
21.00 «Қолымнан ұста» телехикаясы
22.20 «Адасқан сезім» телехикаясы
23.15 «Осман 3» телехикаясы
01.00 «На твоей стороне 2» телесериал

6:00 «П@УТINA»
7:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
8:00 «ҚАЙЫРЛЫ ТАҢ, ҚАЗАҚСТАН!»
9:00 «ДОБРОЕ УТРО, КАЗАХСТАН!»
10:00 «ПЕРВОКУРСНИЦА»
14:15 «ЖАҢАЛЫҚТАР»
14:30 «QOSLIKE»
18:30 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
19:00 «KÖREMIZ-ШОУ»
20:00 «ГЛАВНЫЕ НОВОСТИ»
20:35 «ЭФФЕКТ ДОМИНО»
0:40 Ночной кинотеатр.
2:15 «П@УТINA»
3:10 «БАСТЫ ЖАҢАЛЫҚТАР»
3:40 «ТАМАША CITY»

**КТК**

7:05 "КЕЛ, ШЫРҚАЙЫҚ!" (қайталау)
8:05 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ"
11:00 "БЫЛО ДЕЛО"
13:30 "РЫСЬ", остросюжетный боевик
15:30 "ТАЙНЫ", мелодрама.
17:40 "РЕАЛЬНАЯ МИСТИКА"
19:40 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ", ток-шоу.
20:40 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР
21:00 ВЕЧЕРНИЕ НОВОСТИ
21:40 "ШЕФ-3", криминальная драма
23:40 "МАРАШАНЕЦ"
1:20 "МАРУСЯ", мелодрама
2:50 "КАТИНА ЛЮБОВЬ", мелодрама
3:35 "ӨРТЕНГЕН СЕЗІМ", өзбек телехикаясы.
5:30 "АСТАРЛЫ АҚИҚАТ" (қайталау)
6:15 КЕШКІ ЖАҢАЛЫҚТАР (қайталау)

06:00 «Әзіл студио» ойын-сауық бағдарламасы
06:30 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
07:00 «Күліп All»
07:30 «TikTok show»
08:00 Мультсериал «Буба»
09:00 «Великий Человек-паук»
09:30 «Айдаһарлар шайқасы»
11:00 «Тамаша Live»
11:20 «Студент көке» (повтор)
13:30 «Люди в чёрном 2» (повтор)
15:30 «Люди в чёрном 3» (повтор)
18:00 «Судья Дредд»
20:00 Информбюро (рус/каз)
21:00 «Снайпер: Наследие»
23:00 «Бозторғай» телехикаясы. 22 бөлім
00:10 «Айдаһарлар шайқасы»
01:10 «31 әзіл» ойын-сауық бағдарламасы
03:10 «TikTok show» ойын-сауық
04:20 «1001 Әзіл»
04:30 Телевикторина «BALA BATLLE»
05:20 «Ризамын»

6:00 Әнұран
6:02 «АНАНДИ». Телехикая.
7:00 "СЕЗІМ ҮШІН" Телехикая.
8:00 «Ақ пен қара» Телехикая.
9:00 «Жарқыраған жұлдыз». Бағдарлама
10:00 «Великолепный век. Кёсем».
11:00 "Бесценное время". Телесериал,
12:00 Телесериал, (Китай, 2024 г.)
14:00 "СВЕТ В ОКНЕ" Телесериал.
16:00 "Шаншар" әзіл-сықақ театры
17:00 «1001 ТҮН» Телехикая.
18:00 ЖАҢАЛЫҚТАР. ТІКЕЛЕЙ ЭФИР
18:20 «АҚ ПЕН ҚАРА» Телехикая.
19:30 НОВОСТИ. ПРЯМОЙ ЭФИР
20:00 «ВЕЛИКОЛЕПНЫЙ ВЕК. КЁСЕМ».
21:00 "БЕСЦЕННОЕ ВРЕМЯ" Телесериал,
22:00 "1001 НОЧЬ" Телесериал
23:40 "СУЛТАН РАЗИЯ" Телесериал.
1:30 Здоровье с Айнур Тажиной
2:00 Әйгерім Сейфолланың Сырласуы
3:00 "Жұлдызды шаңырақта"
3:50 Q-елі
4:40 "Ата-ана. Бала-шаға" Телехикая
5:10 "Зың-зың Күлпәш" Телехикая

**НТК**

07.00 «Разминка» (каз/рус)
07.15 «Қызық Live» (каз.)
08.00 Әзіл - күлкі бағдарламасы «Екі езу»
08.30 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
09.35 «ВСПЫШ И ЧУДО-МАШИНКИ»
10.00 «АФЕРИСТЫ В СЕТЯХ»
11.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.РАЙ И АД»
12.00 «СЕЗІМ БАҒЫ» (каз.)
16.00 Телехикая «Қатыгез Ыстамбұл»
17.10 Телехикая «Күйеу балам депутат»
17.40 «РЕВЮ» (каз.)
18.00 «ОРЕЛ И РЕШКА.РАЙ И АД»
19.00 «ОДНАЖДЫ В РОССИИ»
20.30 «ЖЕНЩИНА-КОРОЛЬ»
23.10 «ПРИЗВАНИЕ»
01.30 «Қызық Live» (каз.)
02.10 «Ұ-NIGHT SHOW» (каз.)
02.50 Телехикая «Мезгілсіз сезім»
03.40 «INSTA TV» (каз.)
04.00 – 05.00 «Екі езу» (каз.)

## СЕЙСЕНБІ
## 20 МАМЫР

**QAZAQSTAN**

6:00 ӘНҰРАН
6:35 «ІНЖУ-МАРЖАН»
7:00 «TAŃSHOLPAN».
10:10 «ЗЕЙНЕП». ТЕЛЕХИКАЯ.
12:10 «ҚЫЗЫҚ ЕКЕН...».
